Сыр бойы

№168-169
(20642-206443)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

4 қараша, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi

САММИТ

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫ: БАУЫРЛАСТЫҚ ЖӘНЕ СЕГІЗ БАСЫМДЫҚ

Астанада Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Түркі мемлекеттері ұйымының мерейтойлық X саммиті өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары деңгейдегі жиынға қатысу үшін түркі халықтарының қасиетті қарашаңырағы – Қазақстанға арнайы келген мемлекеттер басшыларына айрықша ілтипат білдіре отырып, еліміздің бастамасымен құрылған Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі қазір толыққанды, беделді халықаралық ұйымға айналғанына назар аударды.

– «Түркі әлемінің келешегі – 2040» атты құжат бекітілді. Ең бастысы, бауырлас елдердің бірлігін бекемдей түстік. Ортақ құндылықтарымызды төрткүл дүниеге таныттық. Біз бабалар өсиетін орындап, түркі елдерінің ынтымағын нығайтып келеміз. Ендігі мақсат – өзара сенімге және бауырластыққа негізделген бірлігімізді сақтап, өскелең ұрпаққа табыстау. Түркі әлемі жаһандық ықпалы бар елдермен тең дәрежеде қарымқатынас жасап отыр. Басқа мемлекеттер біздің ұйымның ұстанымдарына баса мән беретін болды. Сондықтан түркі халықтарының ықпалдастығын арттыра түсу – бәрімізге ортақ міндет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздің Түркі мемлекеттері ұйымын одан әрі дамытуға мүдделі екенін айта келіп, Қазақстанның Ұйымға төрағалығы «Түркі дәуірі!», яғни «TURKTIME!» ұранымен өтетінін мәлімдеді.

Бұл ретте Мемлекет басшысы еліміздің салт-дәстүр (Traditions), біріздендіру (Unification), реформалар (Reforms), ғылым (Knowledge), сенім (Trust), инвестиция (Investments), медиация (Mediation) және энергия (Energy) атты сегіз мәселеге басымдық беретінін атап өтіп, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталды.

Президенттің айтуынша, түркі бірлігін дәріптеудің маңызы зор. Өйткені біздің тарихымыз, мәдениетіміз, тіліміз және діліміз – ортақ. Осыған байланысты Түркі мемлекеттері ұйымының, оның құрылымдарының туларын және эмблемаларын бір үлгіге келтірген жөн.

– Бүгін өздеріңізге ұсынылған эскиздерді бірге қарап, ортақ шешім қабылдаймыз. Бұл тарихи сәт болмақ. Тарихтан сыр шертетін ортақ мұрағатты зерттеп, ұрпаққа ақиқатты жеткізу – біздің парызымыз. Құзырлы органдарымызға беймәлім деректерді бірлесіп зерделеуді тапсыруды ұсынамыз. Бұл, шын мәнінде, маңызды жұмыс болмақ, себебі ортақ тарихымызда әлі де толық зерттелмеген ақтаңдақтар бар. Сондай-ақ елдеріміздің телехикаяларын өзара насихаттау маңызды. Әсіресе, балаларға арналған анимациялық фильмдерді көбірек таратқан жөн. Бұған әлеуметтік желіні пайдалану, танымал медиа тұлғаларды жұмылдыру керек деп есептейміз. Сол арқылы жастарымызды рухани тұрғыдан жақындастыруға мүмкіндік туары сөзсіз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев түркі мемлекеттерінің қатар дамуы өте маңызды деп санайды. Бұл ретте Президент Ұйымға мүше елдердің стандарттары мен терминологиясын жүйелеуді ұсынды.

– Осыған байланысты модельдік заң жобасын қысқа мерзім ішінде қарап, оны мақұлдауға шақырамын. Бұл бастама тауарларымызды ортақ нарыққа еркін шығаруға жол ашады. Ал бірыңғай стандарттар ішкі жалпы өнімді жыл сайын шамамен 1 пайызға арттыруға мүмкіндік береді. Қазір елдеріміздің ішкі жалпы өнімі 1,4 триллион долларға жуықтады. Биыл ұйым мүшелері арасындағы тауар айналымы 22 миллиард доллардан асты. Ортақ талаптар бекітілсе, бұл көрсеткішті 1,5 есе ұлғайтуға болады. Бұдан бөлек, Түркі мемлекеттері ұйымының Референттік орталығын құрған жөн деп санаймын. Бұл орталық өнімді сынау нәтижелерін өзара тануға, сондай-ақ химия және тамақ өнеркәсібі салаларында жаңа зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атаған үшінші басымдық – реформалар. Мемлекет басшысы Ұйым қызметін оңтайландыру және халықаралық ықпалдастық жөніндегі бірқатар ұсынысын ортаға салды.

– Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Тұрақты өкілдерімізді тағайындау мәселесін тезірек шешуге шақырамын. Сондай-ақ хатшылық қызметкерлерінің санын көбейту туралы ұсынысты қолдаймыз. Түркі мемлекеттерінің сайлау саласындағы ынтымақтастығын нығайту қажет. Орталық сайлау органдарының консультативтік кеңесін құруға болады. Соңғы кезде біздің ұйымға халықаралық және аймақтық құрылымдардың қызығушылығы арта түсті. Біз Экономикалық ынтымақтастық ұйымына байқаушы мәртебесін беру туралы бастаманы қолдаймыз. Сонымен қатар Азықтүлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымымен ынтымақтастық орнатуды ұсынамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғылыми әріптестік арқылы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты нығайту аса маңызды екеніне назар аударды. Бұл орайда Президент Ұйымға мүше елдердің басшыларына әлемдегі үздік университеттердің филиалдары мен тіл үйрететін бөлімдер ашуды, бірлескен ғылыми шаралар өткізіп, тәжірибе алмасуды, сондай-ақ жасанды интеллектіні, цифрлық және аэроғарыш өнеркәсібін дамытуға ерекше назар аударуды ұсынды.

Мемлекет басшысының пікірінше, қазіргідей халықаралық ахуал тұрақсыз, алмағайып кезеңде түркі жұртының бірлігін бекемдей түсу маңызды.

2-бет

ЖЕРІ ШҰРАЙЫЛЫ, ЕЛІ ШЫРАЙЫЛЫ – ШИЕЛІ

Құт-береке дарыған, ырыс-баққа жарыған, жері шұрайлы, елі шырайлы Сырдың қасиетті өңірінің бірі – Шиелі. Шыққан күннің шапағындай шуақты ауданның қуатты экономикасы халыққа қуаныш сыйлаған. Тұмса табиғаты тамылжыған, шығысында Қаратау мұнартып, батысында сарқырап Сырдария жатыр. Қырғауылы қыт-қыттап жолыңды кескен, жидесі жұпар атып, танауыңды жарған көрініс келбеті қандай?! «Әр бұтаның түбінде бір асым ет жатыр» деп Асан қайғы айтқандай, қалың тоғайды паналап балалаған аң-құсқа бай жер.

Ресми құжаттар бойынша 1928 жылы ҚазақССР Кеңесі қаулысымен дербес аудан орталығы болып шаңырақ көтерген Шиеліге биыл 95 жыл! Облыстың 85 және ауданның атаулы жылын шиелілiктер де ерекше әлеуетімен тойлады. Сондықтан бұл жолы ат басын Шиелі ауданына бұрдық.

Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

4, 5-беттер

● БАСПАСӨЗ – 2024

Құрметті оқырман!

2024 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу науқаны басталды.

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы:
жекелер үшін – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге.

ЕКІ АУДАНДА ӘКІМ САЙЛАНАДЫ

Облыстық сайлау комиссиясының ақпаратына сүйенсек, 2 ауданда 70 мыңнан аса сайлаушы дауыс беруге қатысады. Оның 22101-і Сырдария, 50402-сі Шиелі ауданында тіркелген.

Сайлау күні Сырдарияда 18, Шиеліде 40 учаске, барлығы 388 комиссия мүшесі қызмет атқарады. Барлық дауыс беру учаскелеріндегі кабиналар талапқа сай жабдықталған.

Мүгедектігі бар азаматтар үшін трафареттер және аудио нұсқадағы бюллетень толтыру ережесі көрсетілген аудиоматериалдар таратылды.

Барлық сайлаушылар үшін қағаз түріндегі шақыру қағаздары және байланыс операторларымен жүргізілген келісім-шартқа сәйкес арнайы смс хабарлама жөнелтілуде.

Дауыс беру күні 2 аудандағы 16 учаскеде онлайн сервис қолжетімді болады.

Сайлау күні заң бұзушылықтарды болдырмау және қоғамдық тәртіпті сақтау үшін құқық қорғау органдары өкілдерінен арнайы кезекшілер бекітіліп отыр. Сондай-ақ аккредиттелген республикалық және жергілікті қоғамдық бірлестік өкілдері, кандидаттардың сенім білдірген азаматтары сайлау процесін бақылай алады.

Ертең, яғни 5 қараша күні Сырдария және Шиелі аудандарының әкімін сайлау өтеді. Пилоттық негіздегі сайлауға 2 ауданнан кандидат ретінде 6 азамат тіркеліп отыр. Олардың 2-і саяси партия атынан, 4-і өзін-өзі ұсынған.

«СБ» ақпарат

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚЫЗЫЛШАНЫ ҚАУІПСІЗ ДЕМЕҢІЗ

Елімізде қызылшаның таралуы бойынша жағдай күрделі. Жыл басынан бері 11 057 дерек тіркелген. Оның ішінде кесел жұқтырғандардың 83%-ы – 14 жасқа дейінгі балалар, 2,7% -ы –жасөспірімдер және 13,8%-ы – ересектер. Ауру барлық өңірде тіркелген. Атап айтқанда, Алматы қаласында 2031 жағдай, Шымкент қаласында 2026 жағдай, Жамбыл облысында 392 жағдай және Алматы облысында 1111 жағдай. Бұл туралы ҚР Денсаулық сақтау вице-министр Айжан Есмағамбетова Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында хабарлады.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Оның айтуынша, қызылша жұқтырғандардың дені вакцина алмаған. «Бұл ретте, 60%-да балалар егуден бас тартуға байланысты, 18,3%-да медициналық қарсы көрсетілім бойынша, 21%-ы жасы жетпеуіне байланысты егілмеген. Аурудың алдын алудың бірден-бір шарасы вакциналау екенін ескере отырып, қызылшаның одан әрі таралмауы үшін 6 айдан, сондай-ақ 2 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды және медицина қызметкерлерін қосымша вакциналауды енгізу жоспарланып отыр», – деді ол.

3-бет

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫ: БАУЫРЛАСТЫҚ ЖӘНЕ СЕГІЗ БАСЫМДЫҚ

– Бұл – ортақ қауіпсіздігіміздің сенімді кепілі. Қару-жарақ және есірткі саудасына, терроризм мен экстремизмге, көші-қонға қатысты сынқатерлер көбейді. Мұндай қауіптердің алдын алу үшін қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты нығайтуымыз керек. Осы орайда мен келесі жылы Астанада мемлекеттеріміздің Қауіпсіздік кеңесі хатшыларының 3-ші отырысын өткізуді ұсынамын. Түркі мемлекеттерінің қаржылық тергеу органдары арасында қылмыспен бірге күресу және ақпарат алмасу туралы келісім жасау маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы инвестицияны алтыншы басымдық ретінде атады. Әріптестерін аймақтар арасында сауда-саттықты кеңейтіп, экономикаға қаржы құюға баса мән беруге шақырды.

– Бұл істе Түркі инвестициялық қоры ерекше рөл атқарады. Тұрақты экономикалық байланыстарды нығайту үшін жасыл қаржы нарығын дамыту қажет. Қазақстан «Түркі жасыл қаржы кеңесін» құруды ұсынғанын білесіздер. Астана қаласына Түркі әлемінің Қаржы орталығы мәртебесін беру туралы бастама қолдауға ие болды. Сіздерге шынайы алғысымды айтамын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, айналамызда күрделі ахуал қалыптасқан қазіргі кезеңде медиацияның да рөлін арттыру қажет. Мемлекет басшысы Ресей мен Украина, Израиль мен Палестина арасындағы қанды қақтығыстарды, Батыста белең алған заңсыз көші-қон мәселесін мысалға келтіріп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету басты міндет екенін айтты.

1-бет

– Осы орайда, Қазақстаннан Палестина халқына 1 миллион доллар көлемінде гуманитарлық көмек беру туралы шешім қабылдадым. Ондаған жыл бойы шешімін таппаған өзекті мәселелерді зорлық-зомбылық көрсету және ланкестік әдістер арқылы шешу мүлдем дұрыс емес. Қазақстан мұндай тәсілдерді қатаң айыптайды. Ахуал ушығып кетсе, оның салдары тіпті ауыр болуы мүмкін. Бұл ретте кез келген жанжалды бейбіт келіссөз және дипломатиялық диалог арқылы ғана шешуге шақырамыз. Біз үшін әр елдің аумақтық тұтастығын сақтау және оның ішкі ісіне қол сұқпау – басты басымдық. Халықаралық құқық нормаларын сақтай отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларын мүлтіксіз орындау маңызды. Қазір Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің қызметі тоқырауға түскені жасырын емес. Осындай кезде Бас Ассамблеяның рөлін күшейту керек. Бұл ретте Қауіпсіздік Кеңесін реформалау ісінде мейлінше сындарлы болу қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сегізінші басымдық – энергия мәселесіне айрықша тоқталып, еліміздің осы саладағы бастамалары жөнінде баяндады.

– Қазақстан жаңа қуат көздерін дамытуға, жаңғыртуға және оны тасымалдау жолын әртараптандыруға баса мән беріп отыр. Біз геологиялық барлау, қуат өндіру істеріне озық тәжірибені және технологияны енгізуге айрықша көңіл бөлеміз. Мұнай-химия өнеркәсібін дамытуға ерекше назар аударамыз. Сонымен қатар «жасыл энергетика» саласында бірлесіп жұмыс істегіміз келеді. Мен биыл Қазақстанда Халықаралық энергетика форумын өткізуді ұсындым. Көтерілген мәселелерді форум кезінде кеңінен талқылауға болар еді. Қазақстан климаттың өзгеруіне және тұрақты даму қағидаттарына баса мән береді. 2026 жылы Қазақстанның бастамасымен климат мәселесіне арналған аймақтық саммит өткізу жоспарланып отыр. Түркі бауырларымыз бұл бастамаларды қолдайды деп сенемін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, түркі мемлекеттерінің басшыларын бірлікке шақырды. Қауіп-қатерлерге қарсы бірігу, өзара көмек көрсетіп, тиімді іс-әрекет жасау маңызды екеніне назар аударып, оның бәрі түркі әлемін өркендетуге, елдеріміздің ынтымағын арттыруға ықпал ететінін айтты.

Сонымен қатар саммитте ұйымның қазіргі төрағасы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Түрікменстан Халк Маслахатының Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев сөз сөйледі.

Саммит қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары Ұйымға бірқатар мақсат-міндет жүктеді. Бұдан бөлек, маңызды құжаттарға қол қойылды. Сондай-ақ Түркі елдерінің бірлігін күшейтуге қосқан елеулі үлесі үшін Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев «Түркі әлемінің ең жоғарғы орденімен» марапатталды.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

БЕКИ ТҮСКЕН БАЙЛАНЫС

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Корея Республикасы Парламентінің депутаты У Вон Сик бастаған делегация өкілдерімен кездесті.

Аймақ басшысы екі ел арасында жоғары деңгейдегі тұрақты байланыстар мен ерекше достық қарым-қатынас қалыптасқанын атап өтіп, делегация сапарының жемісті әрі нәтижелі болуына тілектестік білдірді.

– Өзіңізге белгілі, екі ел Президенттері арасындағы келісімге сәйкес, 2021 жылы тамыз айында Хон Бом Доның сүйегі тарихи отанына қайтарылған болатын. Бұл – Қазақстанның корей халқына деген шынайы ықыласы мен зор құрметінің белгісі. Атқарылған жұмыстар Қазақстан мен Корея арасындағы байланыстардың одан әрі дамуына жаңа серпін берді. Сеул, Тэчжон және Чончжу қалаларына жоспарланған ауқымды бағдарлама аясында корей тарапы делегациямызды жылы қарсы алып, жоғары деңгейдегі бірқатар екіжақты кездесулер мен іс-шаралар өткізілді. Сонымен қатар, Сеул Ұлттық ғылыми-техникалық университеті президентімен кездесуде білім және ғылым саласында тиімді байланыстар орнатылды. Өзіңіздің бастамаңызбен Қызылорда қаласында Қорқыт ата университетінің базасында жасанды интеллект мектебін құру мәселесі мақұлданған болатын. Мектепте жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және информатика саласында жоғары білімді кадрлар даярланады. Бұл әріптестік инновациялық технологияларды дамытуға, озық тәжірибе алмасуға жол ашатыны сөзсіз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Өз кезегінде У Вон Сик облыс әкіміне ризашылығын білдіріп, өзара тиімді әріптестікті әрі қарай нығайтуға ниетті екенін жеткізді.

Айта кетейік, Сыр өңіріне жұмыс сапары барысында Корея Республикасы Парламентінің депутаты қайта жаңғыртудан өткен Хон Бом До мемориалдық кешенімен танысып, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректорымен кездеседі деп жоспарлануда.

ВИЦЕ-МИНИСТРМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Төтенше жағдайлар вице-министрі, генерал-майор Ерлан Нұрпейісовпен кездесіп, «Зымыран-2023» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуын дайындау және өткізу шараларын талқылады.

Вице-министрдің айтуынша, 1-3 қараша аралығындағы оқу-жаттығудың мақсаты – төтенше оқиға кезіндегі іс-қимылдарға азаматтық қорғау мемлекеттік жүйелері басқару органдарының күштері мен құралдарының әзірлігін пысықтау.

Оқу-жаттығу кезінде төтенше жағдай туындағандағы міндеттерді орындауға АҚМЖ аумақтық және салалық кіші жүйелерінің басқару органдарының, күштері мен құралдарының дайындық дәрежесі анықталады. Орталық және жергілікті атқарушы органдарға бағынысты азаматтық қорғау күштері мен құралдарын басқару жөніндегі іс-әрекеттері мен өзара іс-қимылдарының үйлесімділігі жетілдіріледі. Құлақтандыру және байланыс жүйелерінің әзірлігі, жедел кезекшілік ұйымдастыру, диспетчерлік қызметтердің жұмысы, материалдық-техникалық, азық-түлік және медициналық резерв қоры тексеріледі. Сондай-ақ ТЖ алдын алу және жою жөніндегі комиссиялардың, азаматтық қорғау қызметтері жедел штабтарының жұмыстарын ұйымдастыру қарастырылған.

Оқу-жаттығуға облыстық азаматтық қорғаудың 15 қызметі және Қармақшы ауданы



әкімдігі қатысуда. Іс-шара екі кезеңнен тұрады. Теориялық бөлігі Қармақшы ауданы Жосалы кентінде ұйымдастырылса, практикалық іс-қимыл «Диірментөбе» елді мекенінде өткізілмек.

Аймақ басшысы бұл операцияның маңыздылығын айтып, оқу-жаттығудың сәтті өтуіне тілектестік білдірді.

МЕРЕЙ

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Білім беру ісінің үздігі Рамза Исмайлованы 70 жас мерейтойымен құттықтады.

Аймақ басшысы ұстаздардың қоғам өміріндегі, өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі ерекше орнын атап өтіп, мерейтой иесіне ізгі тілегін білдірді.

– Саналы ғұмырын білім саласының дамуына, шәкірт шырағын жағуға арнаған Рамза Ысқаққызының біз үшін орны бөлек. Ол – жас ұрпаққа тағылымды тәрбие, сапалы білім беруге шексіз еңбек сіңірген ұлағатты ұстаз. Бүгінгі кездесуде сізге құрмет көрсетіп, Сыр өңірінің мұғалімдер қауымына ерекше ілтипатымды білдіремін, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аймақтың білім саласының дамуына сіңірген еңбегі үшін Рамза Ысқаққызы Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Ұлағатты ұстазды Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Құрылтай мүшесі Қылышбай Бисенов, мерейтой иесінің шәкірті, Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов, білім саласы ардагерлері кеңесінің төрағасы Ғалым Бекенов құттықтады.

Іс-шара соңында Рамза Ысқаққызы өзіне көрсетілген құрметке, игі тілектерге ризашылығын білдірді.

Рамза Исмаилова еңбек жолын облыс орталығындағы №198 орта мектепте математика пәнінің мұғалімі болып бастап, кейін директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, мектеп директоры қызметтерін абыроймен атқарды. Ұзақ жыл білім беру мекемелерінде басшылық қызметте болып, өзіндік қолтаңбасы бар маман ретінде танылды. Бүгінгі күні шәкірттері республиканың түкпір-түкпірінде қызмет атқарып, ел дамуына үлес қосуда.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен аймақтағы өзекті мәселелер талқыланған мәжіліс өтті.

Жауапты басшылар әлеуметтік газ жеткізу, күзгі егін-терім қорытындысы, қоғамдық көлік, коммуналдық қызмет және басқа да мәселелер бойынша қазіргі жағдайды баяндады.

Жуырда облыс әкімінің жеке қабылдауына келген Қызылорда қаласы маңындағы саяжай тұрғындарының мәселелері талқыланды. Аймақ басшысының тапсырмасына орай облыс әкімінің орынбасары, қала әкімі және сала басшылары барлық саяжайға барып, халықпен кездеседі. Алдағы уақытта да шет аймақтағы тұрғындар ұсыныс-пікірі назардан тыс қалмайды.

Мәжілісте аймақ басшысы жылу беру маусымының талапқа сай өтуін қамтамасыз етуді тапсырды. Алдағы мақсат-міндеттерді белгілеп, туындайтын мәселелерді заң аясында реттеуді ескертті. Әсіресе, өңірде салынатын құрылыс нысандарының сапалы болуын, су, электр жарығының үздіксіз берілуін және өзге де көрсетілетін қызметтерді үнемі бақылауда ұстауды міндеттеді.

Қазір қараша айына бөлінген 7,5 мың тонна газ жоспарға сәйкес облысқа күнделікті жеткізілуде. Ахуал тұрақталып, газ еркін сатылуда.

БРИФИНГ

ҚОҒАМДЫҚ ҚОРДЫҢ ҚОЛДАУЫ

Педагогика мамандығы бойынша білім алушыларға бағыт беретін республикалық «Ыбырай» қоғамдық қоры 2020 жылы құрылған. Осы уақыт аралығында 100-ге жуық студентке тереңдетілген білім беріп, педагогика саласының мамандарын даярлауға өзіндік үлес қосуда. Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Ыбырай» қоғамдық қорының директоры Нұрбек Серікбаев қордың негізгі мақсатын түсіндірді.

– Мақсат – үздік педагогтарды даярлау, құрылғанда 34 студентпен бастаған едік. Ерекшелігі тек қана Қызылорда облысынан емес, еліміздің түкпір-түкпірінен білім алушыларды қабылдайды. Алдағы уақытта жұмысты одан әрі дамытып, білімді педагог санын көбейтуді жоспарлап отырмыз, – деді Нұрбек Досболұлы.

Жақында қоғамдық қордың ұйымдастыруымен үздік студенттер арасында «Жыл студенті - 2023» конкурсы өткен болатын. Байқауда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 2-курс студенті Талшын Әділбек жеңімпаз атанды.

– Мен ағылшын тілі пәні мұғалімі мамандығында білім аламын. Университеттегі базалық білімнен бөлек, өзімді жетілдіріп жүрмін. Онда 4 бағыт бойынша үздік ұстаздардан білім аламыз, белсенді болуға тырысамыз. Жақында өткен байқауда озат атанып, ноутбук ұтып алдым, – деді студент.

КЕЗДЕСУ

Кейінгі жылдары туған жерін көркейтуге, өркендетуге жергілікті кәсіпкерлер белсенді атсалысып келеді. Бизнес қауымдастығының өкілдері аймақта құны 37 млрд теңгеден асатын жобаларды іске асыруда. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстанның Еңбек Ері, Жалағаш ауданы «Таң» шаруа қожалығының басшысы Имамзада Шағыртаевпен кездесіп, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы мәселелерді талқылады.

АУЫЛ АЖАРЫ – АЗАМАТ АБЫРОЙЫ

Кәсіпкер алдағы уақытта елді мекеннің әлеуметтік нысандарын жаңғыртып, жаңа жұмыс орындарын ашуды жоспарлауда. Жолдар жөнделіп, көшелер жарықтандырылып, абаттандырылады, жаңа әлеуметтік нысандар және көпшілік жиналатын қоғамдық демалыс орындары салынады.

Аймақ басшысы осындай игі істерге ынта білдірген, демеушілік жасауға мүдделік танытқан кәсіпкерлерді қолдауға әрдайым әзір екенін жеткізді.

Айта кетейік, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеумен айналысатын «Таң» шаруа қожалығында 400-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Шаруашылық басшысы Имамзада Шағыртаев бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында ауылдарды дамыту мен көркейтуге айтарлықтай үлес қосып, халықтың ризашылығына бөленіп келеді. Туған жері «Таң» ауылдық округіне 1 млрд 56 млн теңге, Қармақшы ауданындағы «Ақжар» ауылына 100 млн теңге демеушілік көмек көрсетті. Атап айтқанда, 300 млн теңгеге 120 орындық «Таң бөбегі» балабақшасын салып, 21 адамды жұмыспен қамтыды. Оған қоса 56 млн теңгеге спорт кешенін салып, жаңадан 16 жұмыс орнын ашты. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтарға арналған ескерткішті орнатуға 70 млн теңге жұмсады. 2021 жылы абаттандыруға 130 млн теңге бөліп, үлкен трасса мен ауыл ортасындағы жол бойына жарық шамдарын орнатып, көшенің екі бетін қоршады.

> Шаруашылық еңбеккерлерін ынталандыру және еңбек өнімділігін арттыру үшін 2011 жылдан бері жыл сайын үздік нәтиже көрсеткен диқандар мен механизаторларға 6 жеңіл автокөлік, 300 млн теңге қаржылай сыйақы беріп келеді. Алдағы жылы аудандағы әлеуметтік аз қамтылған 10 отбасына тұрғын үй салып беруді жоспарлауда.

Осындай игі істері лайықты бағаланған Имамзада Шағыртаев өткен жылы меценаттық қызметі үшін республикалық «Жомарт жүрек» байқауында «Туған өлке» номинациясын иеленді.

ДАРИЯ ДЕҢГЕЙІ

КЕЛІСІМ ӨЗЕННЕН КӨРІНСЕ ИГІ

Ашық дерекқордан алынды

Сонымен, келер жылдың сәуіріне дейін «Шардара» су қоймасына 11,1 текше шақырым су түседі деген уағдаластық жасалып отыр. «Шардара» толысса төменгі ағыстағы дарияның күйі де оңалары рас. Мұның біздің облыс үшін маңызы зор. Аталған мәміле Ташкентте өткен Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының 85-ші отырысында мақұлданған. ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов көрші елдермен осындай келісімге келді, деген ақпарат таратты Kazinform агенттігі.

«Екі күн бойы Ташкент қаласында Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының отырысы өтті. Күн тәртібінде төрт мәселе қаралды: 2022-2023 жылдардағы вегетациялық кезең қорытындысын шығару, 2023-2024 жылдарға арналған біздің болжам, 2018 жылы Түрікменбашы қаласында және биыл Душанбеде өткен Арал теңізін қорғау бойынша мемлекет басшылары берген тапсырмалардың орындалу барысы талқыланды. Біз бүкіл аймақ үшін өте маңызды мәселелердің тиімді шешімін табу үшін талқылау жасадық. Атап айтқанда, Сырдария мен Әмудария өзендерінен су алу көлемі бойынша келісімге келдік. Бұл мәселеде біз күш-жігерімізді жұмыла кіріскенде ғана Орталық Азияда су ресурстарын ұтымды пайдалану мен үнемдеуді қамтамасыз ете аламыз», – деді Нұржан Нұржігітов отырыстан кейін Өзбекстандағы қазақстандық меншікті тілшілердің сауалына жауап бере отырып.

Сондай-ақ, сәуір айына дейін «Достық» мемлекетаралық каналы бойынша да 487 млн текше метр су алу жоспарланған көрінеді. «Бұл Түркістан және Қызылорда облыстарында 2024 жылдың вегетациялық кезеңіне қажетті су көлемін жинақтауға, сонымен қатар Арал теңізіне 1,6 млрд текше метр су жіберуге мүмкіндік береді» деп көрсетілген ақпаратта.

Бұл ретте Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының мүшелері «Сырдария» өзені бассейніндегі су қоймалары каскадының жұмысына мониторинг жүргізу және болжамнан ауытқу анықталған жағдайда Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстан тараптарын дереу хабардар ету жөнінде тапсырма берді.

Айтқандай, енді осы комиссияның отырысы жылына 2 емес, 4 рет өтпек. Келесі жиын Астана қаласында ұйымдастырылады.

«СБ» ақпарат

ЖАСТАР САЯСАТЫ

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ»: Жастарға 3 млн теңгеден 30 грант

Ашық дерекқордан алынды

Биылдан бастап заңға өзгеріс енгізілуіне байланысты «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына 14 жастан 35 жасқа дейінгі жас азаматтар үміткер бола алады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық Жастар ресурстық орталығының директоры Талғат Тілес хабарлады.

Sb Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Директордың айтуынша, конкурстық өтінімдерді қабылдау 26 қыркүйекте басталған, 26 қарашаға дейін созылады. Грант 2021 жылдан бастап Мемлекет басшысының бастамасымен жыл сайын ғылым, мәдениет, ақпараттық технологиялар, бизнес және медиа бағыттары бойынша табысталуда. Мақсаты – белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жаңа және қазіргі кездегі бастамаларды мемлекеттік қолдау.

– Конкурстық өтінімдерді орталық атқарушы органдар мен азаматтық қоғам өкілдері, ғалымдар, тиісті сала мамандары мен сарапшылардан құралған арнайы комиссия бағалайды. Оның қорытындысы бойынша жыл соңына дейін 30 жас азаматқа 3 млн теңге мөлшерінде грант беру жоспарлануда. «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын пайдалану мерзімі – бір жыл, – деді Т.Тілес.

ҚР Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру аясында «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын 2029 жылға дейін беру жоспарланған. Конкурс туралы толық ақпарат ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми сайтында және ведомстволардың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жарияланған.

Сондай-ақ, жастар ресурстық орталығының басшысы тағы бір мүмкіндік – «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығына да құжат қабылдау жүргізіліп жатқанын атап өтті. Сыйлық ғылым, шығармашылық, қоғамдық қызмет салаларында жемісті еңбегімен көзге түскен, сондай-ақ жоғары спорттық жетістіктері үшін дарынды жастарды мемлекет тарапынан қолдау мақсатында ұсынылады.

Байқау «Әдебиет», «Ғылым», «Дизайн және бейнелеу өнері», «Журналистика», «Классикалық музыка», «Креативті бастамалар», «Спорт», «Театр және кино», «Эстрада», «Халық шығармашылығы» атты 10 номинация бойынша өтеді.

– Сыйлық алуға халықаралық және республикалық конкурстардың, фестивальдар мен түрлі шаралардың лауреаттары, республикалық және халықаралық деңгейлердегі спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары, сондай-ақ қызметі инновациялық болып табылатын және тиісті сала мен тұтастай қоғамды дамытуға ықпал еткен 35 жасқа дейінгі азаматтар үміткер бола алады, – деді ол.

«Дарын» жастар сыйлығын алуға кандидатураларды ұсынуды мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері жүргізеді. Жеңімпаздарға «Дарын мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі және олар дипломмен, төсбелгілермен сондай-ақ қаржылай сыйлықпен марапатталады. Жыл сайын сыйлық Тәуелсіздік күнін мерекелеу аясында беріледі.

«Дарын» жастар сыйлығы 1992 жылы тағайындалған. Әр жылдары аталған сыйлықты түрлі саладағы 320-дан астам азамат иеленген. Конкурсқа құжаттар 20 қарашаға дейін Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінде қағаз нұсқада Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 10, «Министрліктер үйі» ғимаратында қабылданады.

«Zhas project» жеңімпаздары анықталды

Әлеуметтік салаға бағытталған «Zhas project» шағын грант байқауы мәресіне жетті. Жобаға өтінім қабылдау барысында NEET санатындағы 18-35 жас аралығындағы 274 жас қатысуға ниет білдірген. Техникалық іріктеуден 98 өтініш өтіп, оның 42-сі байқау талабына сай комиссияның қарауына ұсынылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Zhas project» жобасының облыс бойынша тәлімгері Әкімбек Әлібек хабарлады.

– Жоба NEET санатындағы жастарды нәтижелі жұмыспен қамтуға бағытталған. Байқауда халықтың осал топтары мен шалғай ауылдық елді мекендердің жастарына ерекше басымдық берілді. Сонымен қатар, бірінші кезеңде 400-ден астам қатысушы кеңес алып, шалғай аймақтарда тұратын жастармен кездесу ұйымдастырылды. Екінші кезеңде іскерлік дағдыларды үйрету, дамыту және жүзеге асыру бойынша тренингтер өткізілді. Ал үшінші кезеңде байқау жеңімпаздары өз әлеуметтік жобаларын облыс жұртшылығына, БАҚ өкілдеріне және меценаттарға ұсынды, – деді Ә.Әлібек.

Жоба қорытындысымен 14 бизнес-идея үздік деп танылып, оны жүзеге асыруға 1 млн теңге көлемінде қаржы берілді. Соның бірі – жаңақорғандық Бөкейхан Пірмат ұсынған вулканизация жобасы. Бұл жобаның ерекшелігі – әлеуметтік қолдауды қажет ететін азаматтар, оның ішінде көлік жүргізушілерінің автобөлшегін тегін жөндеп, көмек көрсетіледі.

«ORDA КЕЛБЕТІ» БАЙҚАУЫ

Биыл тарихы терең, қойнауы кенен Қызылорда облысына – 85 жыл. Мерейлі мерейтой қарсаңында Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «ORDA келбеті» байқауы өткізілді. Бір айға созылған онлайн байқау өз мәресіне жетіп, үздік деп танылған жеңімпаздар марапат төрінен көрінді.

Жеңімпаздарды марапаттау құрметі үш мәрте «Алтын домбыра» иегері, Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық академиялық драма театрының директоры Мұхтар Ниязовқа және «Qyzylorda» телеарнасының директоры Нұрбек Амишаға беріліп, арнайы дипломдар мен ұялы телефондары табысталды. Шарада өнерпаздар Бекзат Молдабергенов, Бақытжан Найманов, Зарина Русланқызы мерекелік ән тарту жасап, мерейлі сәтті думанға бөледі.

«Үздік фото» номинациясы бойынша Айдос Әлназаров, Арманбек Сматов, Айкерім Болатбекқызы жеңімпаз атанды. «Үздік бейнематериал» номинациясына Диас Дайрабеков, Дәулетхан Ақайдаров, Нұржан Каленов лайық деп танылды. Ал «Үздік пост» номинациясын Фархат Халилуллаев, Ақтөре Ибрагимұлы, Гүлбану Мақажан жеңіп алды.

«СБ» ақпарат

ҚЫЗЫЛШАНЫ ҚАУІПСІЗ ДЕМЕҢІЗ

Біздің өңірде де жағдай мәз емес. Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметіне сүйенсек, жыл басынан бері облыста лабораториялық зерттеу нәтижесімен нақтыланған қызылша ауруының 708 жағдайы тіркелген. 611-і 14 жасқа дейінгі балалар арасында анықталса, оның ішінде 163-і – 1 жасқа толмаған сәбилер. Ересектер арасынан 97 науқас нақтыланды. Департамент басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымованың айтуынша, ауруға шалдыққандардың басым бөлігі екпе алмаған, олардың саны жалпы сырқаттанушылықтың 67%-ын құрады, медициналық қарсы көрсетілімдерге байланысты егілмегендер үлесі 18%, егілетін жасқа жетпегендер үлесі 34%, вакцинадан бас тартқандар үлесі 46%.

– Сондай-ақ, негізсіз себептермен (жол жүріп кету, тұрғылықты мекен-жайынан тыс жерде болу, т.б.) екпе алмай жүргендер көрсеткіші 2%-ды құрады. Бұдан бөлек, 86 науқастың қызылшаға қарсы иммундық мәртебесі белгісіз екендігі анықталды. Ауырғандардың ішінде екпе алған науқастар да бар, алайда олар қызылшаға қарсы екпенің толық курсын алмаған, тек 1 дозасын алған, яғни, ағзада толық иммунитет қалыптаспағандар арасынан ауруды жұқтырып алу деректері орын алып отыр, – дейді ол.

Облыс бойынша анықталған деректердің басым бөлігі, яғни 506 жағдай Қызылорда қаласының үлесінде.

– Жыл басынан бері ауруханада 750 науқас емделді. Ересектер саны 80 болса, 670-і – бала. Оның ішінде 127-сі – бір жасқа толмағандар. Қазіргі кезде 140 науқас ем алуда. Ауруға шалдыққан балалардың көбісі –балабақшаға баратындар. Отбасымен түсіп жатқандар да бар, яғни, бір үйден анасы, екі-үш баласымен. Ересектер арасында 1991,1992,1993 және 1994 жылы туған әйелдер мен ер азаматтар жиі түсуде. Себебі осы жылдары туғандар екпемен дұрыс қамтылмаған. Ауруханада төсек қоры жеткілікті. Біз аурудың асқынуынан қорқамыз. Өйткені асқыну салдары өте қауіпті ауруларға ұласады. Мәселен, ми қабының ісінуі, жүрекке шабу, пневмония секілді қауіпті дертке айналады. Сондықтан аурудың алдын алудың ең тиімді жолы – екпе. Екпеден қашпауымыз керек. Оны алмасақ ауруды тоқтата алмаймыз. Негізінен жұқпалы аурулар әр 5-6 жылда бас көтеріп тұрады. Мысалы, қызылша 2019 жылы бір көтерілді. Ол кезде бір жылда 519 науқас емделді. Биыл ауырғандар саны одан да көп болып тұр. Бұл ауру ауа арқылы тарайды, жұғады. Сондықтан сақ болу қажет, – дейді облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері Айна Мұхамбетова.

Қызылша ауруы бойынша эпидемиологиялық ахуалдың тек біздің елде емес, бүкіл әлемде күрделенуінің себебін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирус пандемиясы салдарынан халық арасында ауруға қарсы вакциналаудың әлсіреп, екпеден бас тартушылар санының артуымен байланыстырады. Себебі ұжымдық иммунитет бәсеңдеген сайын, ауру жұқтырып алу қаупі күшейе түседі. Қауіп тобында екпе алмаған, иммунитеті әлсіз адамдар тұр.

Қызылша – қызба, интоксикация, дақты-папулалы бөртпе, энантема, конъюнктива және жоғарғы тыныс жолдарының зақымдалуымен сипатталатын жедел вирустық инфекциялық ауру. Ол адамнан адамға ауа тамшыларымен жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде жұғады. Қызылшамен ауыратын адаммен қысқа уақыт қарым-қатынаста болса да, екпе алмаған адамдардың жұқтыру қаупі өте жоғары. Ол жоғарыда айтып өткендей, пневмония, бронхит, энцефалит сияқты асқынулармен қауіпті. Медициналық көмекке кеш жүгінгенде және басқа аурулары болған жағдайда өлімге әкелуі мүмкін. Катаральді құбылыстармен (қызба, бас ауруы, әлсіздік) аурудың алғашқы белгілері және бөртпе пайда болған кезде дәрігермен кеңесіп, оның барлық ұсынымдарын орындау керек. Бастапқы кезеңде суық тию сияқты көрінуі мүмкін, сондықтан дәрігерге уақытылы барған жөн. Жіті респираторлық аурулардың белгілері бар балаларды балабақшаға, мектепке жібермеу керек. Мамандар айтқандай, аурудан ең тиімді қорғану жолы – уақытылы екпе алу. Ол Ұлттық екпелер күнтізбесіне енгізілген, екпе тегін жүргізіледі. Вакциналау үшін қызылшаға қарсы қауіпсіз және тиімді вакцина қызамық пен паротитке (ҚҚП) қарсы компонентпен қоса қолданылады.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» демекші, мамандар қазіргідей жұқпалы дерттің өршіп тұрған шағында тұрғындарға көпшілік жерлерге бармау керектігін, гигиеналық талаптарды орындауды және екпе алуды ескертеді.

1-бет

85 JYL SYZYLORDA OBLYSYNA

ЖЕРІ ШҰРАЙЛЫ,

ШОҚ-ШОҚ ҚЫЗЫЛ ШИЕ

Шиелі ауданының жалпы жер көлемі 3239755 гектар. Қазіргі таңда аудандағы 39 елді мекенде барлығы 85772 адам тұрады. Оның ішінде кент орталығында 36127 адам, ауылдық елді мекендерде 49645 адам қоныстанған.

Тарихы ғасырлар қойнауына бойлайтын Ұлы даланың сырлы Сырдариясы мен қарт Қаратау аралығындағы осы бір мекенге Шиелі елі ежелден-ақ орнығып, жер еміп, мал төлдеткен. Атакәсібінен ризықнесібесін айырған қасиетті мекен еткен.

Шиелі атауының тарихына тоқталар болсақ, осы өңірде жабайы шие көп өскендіктен қойылған деген жорамал айтылады. Арнайы әдебиеттер шие жемісі туралы мынадай мәлімет береді. Шиенің жер жүзінде 150, ал Қазақстанда 7 түрі өседі екен. Олар дала шиесі, қызыл шие, Тянь-Шань шиесі, кәдімгі шие, түкті шие, қызыл жемісті шие, сүйілді шие болып бөлінеді. Солардың ішінде сипатына қарағанда Шиелі өңірінен кездесетін, биіктігі 3 метрден аспайтын ағаш-түкті шие. Бұл қолдан өсірілетін мәдени жеміс ағашы және тау беткейіндегі биіктігі екі метрге дейін өсетін жабайы, бұтасы қызыл, жемісті шие.

Аудандағы көнекөз қариялардың айтуынша, Шиелі атауы осы өңірде, әсіресе су жағасында молынан өсетін ақ шеңгелге, оның шиедей қызыл жемісіне байланысты да қойылыпты. Ақ шеңгелдің жемісін де шие деп атайды. Жазушы Оразбек Сәрсенбай Шиелінің бас мұрабы атанған Байсын Көлдейұлы туралы жазған мақаласында «Шиелінің аты мол өсетін шоқ-шоқ қызыл шиеге орай қойылса керек» дейді.

РЕКОРДТАР МЕКЕНІНІҢ МЕРЕЙІ

Алғаш аудан құрылған 1928 жыл шағын 59 ауылды біріктірген, 5420 қожалық ұжымдасқан, 2 қазақ орта мектебі ашылып, аз қуатты электр станциясының салынуы және тұңғыш телефон желісінің тартылуымен есте қалған.

Рекордтар мекені аталып кеткен, «Қызыл Ту» колхозы да осы жылдары ашылып, данқты диқан атанған Ыбырай Жақаевтың берекеге толы еңбек жолы басталды. Аудандық «Стахановшы» газеті шығарылып, мәдениет саласында көптеген ілгерілеушілік байқалып, шаруашылық әртараптандырылған. Жоғарғы Совет депутаты Малика Басарова мен жыр дүлдүлі Нартай ақынның Мәскеудегі қазақ әдебиеті мен мәдениетінің 10 күндігіне қатысуы осы жылдардың жетістіктері еді.

Дарияның Төменарық тұсынан саға алып, қолдан канал қазуға жұмылған жанкешті жұмыстарын, халықтың тау қопарарлық екпінін Екінші Дүниежүзілік соғыс қана тоқтатқан.

ТАРИХТАН ТАМЫР ТАРТСАҚ...

1945 жылы соғыстан кейін елдің рухын көтеріп, әл-ауқатын арттыруға ден қойылған жылдар болды. Күріш алқаптары қанат жайып, еңбек өнімділігі артып, алғашқы Социалистік Еңбек Ерлері шыға бастады. Ал 1947 жылы Ыбырай Жақаев Социалистік Еңбек Ері атанды. 1952 жылдан бастап бытыраңғы орналасқан ауылдар бір орталыққа қоныстандырылып, шаруа қожалықтарын ірілендіру жұмыстары жүрді. 1954 жылы аудандағы мақта өндірісі қысқартылып, орнына күріш, бидай, жүгері дақылдары көптеп егіле бастады. Қазақ ССР-і Ғылым академиясы кеңесінің шешімімен Ыбырай Жақаевқа «Дала академигі» деген құрметті атақ берілді. 1962 жылдан бері әрбір ауылдарда алма мен жүзім бақтарын өсіру қолға алынды.

1963 жылы екі жыл бұрын шығарылымы тоқтатылған «Коммунизм жолы» газеті «Өскен өңір» атауын алып, оқырманмен қайта қауышты. Осы жылдар аралығында аудан басшылары болған Көмекбай Қаракөзов, Алпысбай Нұржанов, Сейдолла Оспанов, Исатай Әбдікәрімов, Байбол Сопыбек сынды азаматтардың шаруашылық ұйымдастырудағы қажырлы еңбегі аудан халқының жадында өсу-өркендеу жылдары ретінде сақталды.

Сонымен қатар аудан тарихында сан салалы шаруашылықты ұйымдастыру мен ел ырысын молайтуда елде Социалистік жарыстың бірнеше дүркін жеңімпаздары болған үздік ұйымдастырушылардың бір топ шоғыры қалыптасты. Олардың арасынан Шеген Қодаманов, Константин Василивич Хван, Мәлібек Санаубаев, Әзімхан Исмайлов, Бәкір Тоқбаулин мен Әнуарбек Сапақов, Рахмет Нұрекеев, Әбутәліп Бейжанов пен Сәттібай Алпамыш сияқты кәсіптік одақтардың бүкілодақтық орталық кеңесінің ауыспалы Қызыл туын бірнеше мәрте жеңіп алған қайраткер тұлғалар шықты. Себебі олар 40-тан астам Социалистік Еңбек Ерінің соңынан ерген лайықты шәкірттері еді.

«Шежірелі Шиелі» атты кітапты ақтарып отырып мол тарихқа кезіктік. 1964 жылы аудан басшылығына Ғафур Мұхамеджанов келуімен Шиелінің қайта дәуірлеу кезеңі басталыпты. Жаңадан канал қазылып, кент орталығы ыза судан тазарған. Күріштен рекордтық көрсеткішке жетіп, бүкіл облыста «Жақаевшылар қозғалысы» кең етек алды.

Ал 1971 жылы Ыбырай Жақаев екінші мәрте Социалистік Еңбек Ері атағына ие болса, Ыбекеңнің ізбасарлары Ұлбала Алтайбаева мен Шырынкүл Қазанбаева Социалистік Еңбек Ері атанды.

– 1977 жылы ауданда «РУ-6» кеніші ашылса, 1983 жылы ауданға Бірінші хатшылыққа Сейілбек Шаухамановтың келуімен ауданның мәдени өміріне эстетикалық тұрғыдан тың серпін беріліп, гүлдендіріліп, көркейіп, жаңадан демалыс паркі ашылды. Қазақтың Маресьеві атанған тракторшы, қайсар қыз Жадыра Таспамбетова Социалистік Еңбек Ері атанды.

1992 жылы Қазақстанда елді басқару жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізіліп, әкімшілік жүйе қалыптасты. 1994 жылдан бастап нарықтық экономика саясатына қарай кіші шаруашылықтар таратылып, жеке меншікке жол ашылды. 1995 жылы аудан басшылығына Жарылқасын Тұрабаев келіп, заманауи іскерлік қатынастар дамыды.

1998 жылы ауданның орталық алаңына Түркі жұртының көсемі Мұстафа Шоқай ескерткіші орнатылды. 2001-2008 жылдары Шиелі кентіне «Жиделі» топтық су құбырымен таза су келді. «Иіркөл» кен өндіру кешенінің жұмысы басталды. «Полимерхимпродукт» ЖШС өндіріс мекемесі ашылды. Осы жылдары ауданда 180 тұрғын үй салынды. Ваннади кен орыны, «Қазвернал» ЖШС қиыршық тас шығаратын зауыты іске қосылды. 2008-2013 жылдары жас, талапшыл Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың келуі жаңаша тың бастамаларға жол ашты. Инфроқұрылымның дамуына серпін беріп, кент орталығында, ауылдарда көше тазалығы мен абаттандыруға айрықша көңіл бөлінді. Осы жылдары ауданда жаппай кәсіпкерліктің дамуы байқалып, халықтың нарықтағы орны нығая түсті, – делінген жинақтың «Елтұтқа» бөлімінде.

Ал кейінгі онжылдық Шиелі ауданы үшін үздіксіз даму мен өсу жылы болды. «Киелі мекен – Шиелі екен» деп Адырбек Сопыбеков сынды азулы ақындар ауыз толтырып жырлайтын жерұйыққа айналды.

ЖЕТІ ӘУЛИЕ ЖАТҚАН ЖЕР

Шиелі өңірі – кешегі қиын-қыстау заманда өзінің жанкешті еңбегімен елінің де, өзінің де даңқын шығарған ерен ерліктің үлгісін танытып, есімдері тарих бетінде алтын әріптермен жазылып қалған Мұстафа Шоқай, Ыбырай Жақаев, Шахмардан Есенов, Әбділда Тәжібаев, Нартай Бекежанов сынды тарлан саясаткер, даңғайыр диқан, зерделі ғалым, жезтаңдай әнші мен арқалы ақын тәрбиеленген қасиетті топырақ. Сондықтан бұл өлкеде қаймағы бұзылмаған бірліктің, берекелі тірліктің, ынтымақтың, ең бастысы – ерлік рухының болуы әбден заңды. Бұдан бөлек, аудан қазақ тарихында дара орны бар жеті әулиенің мәңгілік байыз тапқан жері, қайталанбас тарихи ескерткіштерге де кенде емес. Солардың бірі «Сауысқандық» шатқалы – елдің теңдесі жоқ рухани мұрасы әрі қазынасы. Қаратау жотасындағы 500 гектар жер аумақты таңбалы тас шатқалы алып жатыр.

Петроглифтер негізінен үлкен Сауысқандық тауының солтүстік шығыс етегінде орналасқан. Шатқалдағы тастарға 12 мыңдай қашап салынған адамдар мен жануарлар бейнелері белгіленген. Бұл жәдігерліктер 2013 жылы мемлекеттің қорғауына алынып, 2016 жылы «ЮНЕСКО»-ның алдын ала тізіміне енгізілді.

2019 жылы аудандық бюджеттен қаражат бөлініп, «Сауысқандық» шатқалындағы жартастағы бейнелер біздің заманымызға дейінгі II мыңжылдық ескерткішіне төрт жағынан қорғау аймағының шекарасын білдіретін белгілер қойылған. Шатқалға санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп келеді және табиғат аясында келіп демалушыларға тазалықты сақтау жөнінде ескертпе тақтайшалар орнатылған. Аудан әкімдігі ғасырлардан бергі қайталанбас мұраны одан әрі сақтап өскелең ұрпаққа жеткізу мақсатында арнайы Жол картасын әзірлеп, бірқатар жобаларды жүзеге асыруда.

– Шиеліні тарихта су баспаған, жау алмаған. Біріншіден, су баспау себебі, артық суға тосқауыл – «Бидайкөл» деген үлкен су қоймасы болған. Ел әр уақытта Шиелі амандығын әулиелермен байланыстырады. Өйткені Шиелінің дариядан төмендігі, әрі тегістігі қауіпті еді. Екіншіден, Сыр бойы ерте замандардан әр елдің қызығушылығын тудырса да, Шиеліні жау ала алмаған. Ол – тарих. Шиеліде «Бес Там» деген жер аты бар. Ел ол жерде Хан ордасы болған деп атайды. Сірә, ол осы аймаққа патшалық құрған әйел-патша Томирис жері болған деседі. Сыр еліне көз тіккен Кир, Дарий, әлемді билеген Александр Македонский жауламақ мақсатпен келген. Бірақ жорықтары тіпті шайқассыз, сәтсіз аяқталғаны ғажап, тарихтан айқын. XVII-XVIII ғасыр аралығында жоңғарлар шабуылы да олардың қирауымен аяқталды. Қазақ халқы оларды қырып жіберген. Шиелі мен Төменарық арасындағы Қаратау етегіндегі жазықта «Қалмақ қырған» деген жер бар. Ол соның дәлелі болса керек. Жоңғарлардың сәтсіз аяқталған шабуылы ел есінде «Елім-ай» ән-өлеңімен сақталған. Өлеңнің өзі де Шиеліде туған. Онда мынадай сөздер бар:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ
бос келеді.
Ағайыннан айырылған қиын екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді,

– дейді академик Досмұхамед Кішібеков.

АУДАНДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛҒАН

Шиелі ауданында сауда, туризм саласы бойынша құны 2 млрд теңгені құрайтын 10 жоба, 28 млрд теңгені құрайтын 15 жеке инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Жобалар іске қосылғанда 860 жаңа жұмыс орны ашылады.

Оған қоса, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл халқына деген ерекше қолдауының арқасында ауданда бүгінде Шиелі кенті және Ы.Жақаев, Бидайкөл, Байсын, Н.Бекежанов, Ш.Қодаманов, Ақмая, Алғабас ауылдары толық «көгілдір отынға» қосылған.

– Биылғы жылдың өзінде Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен газдандыру мәселесіне ерекше ден қойылып, 6 бірдей ауылдық округке табиғи газ жүйесі жүргізілуде. Одан қала берді, биыл Бала би, Бұланбай бауы, Досбол би елді мекендерінде дәрігерлік амбулатория құрылыстары басталып, келесі жылы Алмалы, Ортақшыл, Ә.Тәжібаев, Тартоғай, Бестам елді мекендеріне медициналық ғимараттар салынбақ. Кент орталығындағы 7 бірдей күре жолға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ұзындығы 19,8 шақырым болатын 49 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүруде.

Кейінгі жылдарда ауданда ірі-ірі кешенді құрылыстар, мектептер мен мәдениет үйлері, емхана мен спорт кешендері пайдалануға берілді, жаңа мөлтек аудандар ашылды, заманауи технология негізінде түйе сүтінен шұбат, құрт шығаратын «Ару ана» кәсіпорыны, жылына 1 млн 100 мың тонна цемент өндіретін Гежуба Шиелі цемент зауыты сынды ірі жобалар жүзеге асырыла бастады. Ақмая, Жуантөбе, Жөлек, Еңбекші, Тұран, Бидайкөл, Керделі елді мекендерінде спорттық-сауықтыру кешендері салынып, пайдалануға берілді. Шиелі кентінің қос бетін жалғайтын теміржол үстінен аспалы көпір салынып, пойыз өтсе болды қаңтарылып қалатын көліктер мәселесі шешілді.

Бұл жұмыстардың барлығы бірлігі бекем, тірлігі көркем Шиелі жерінің 95 жылдық тарихында атқарылған жұмыстардың бір парасы ғана. Бірлік пен татулықты ту етсек, алда талай ғасырлар асып, талай жетістіктерге жетеріміз анық, – дейді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өркен Исмаил.

Расымен биыл ауыз толтырып айтатын жұмыс көп. Себебі елде шаруа ширақ жүріп жатыр. Мәселен, ауданның өнеркәсіп өнімдерін өндіруші мекемелері мен кәсіпорындары ағымдағы жылдың 9 айында 56 млрд 839 млн теңгенің өнеркәсіп өнімдерін өндірді, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 113,8 пайызды құрады. Өңдеу өнеркәсібі өнімі көлемі 27 млрд 80 млн теңгеге жетіп, 136,6 пайызды құрады. Негізгі капиталға салынған инвестицияның көлемі 29 млрд 987 млн теңгені құрады немесе 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 175,7 пайыз. Жалпы құрылыс жұмыстарының көлемі 10 млрд 815 млн теңгеге жеткен, 192,1 пайыз. Бөлшек сауда көлемі 9 млрд 79 млн теңге болып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 107,7 пайызды құраған.

1-бет

ЕЛІ ШЫРАЙЛЫ – ШИЕЛІ

Бүгінгі таңда барлық елді мекендерде электр желілері 70-80 пайызға дейін тозған. Аталған жұмыстар жүргізілетін болса, ауа райының құбылмалы кезеңінде жарықтың жиі сөнуі секілді мәселелер шешімін табар еді.

Айта кетейік, электр желілерін ауыстыруға қатысты жұмыстар Шиелі кентінде де жүруде. Жоспарға сәйкес 2023-2024 жылдары кент бойынша 808 млн теңге қаражатқа барлық электр желілері жаңартылмақ. Бүгінде оның 100 млн теңгесі игерілді. Атап айтар болсақ, ауылдық округ әкімі «Ақмая» шаруа қожалығының демеушілігімен ауылдағы электр желілерін толықтай ауыстыруға қажетті құжаттарды дер кезінде дайындап, келер жылы 486 млн 329 мың теңге қаражатқа ауылдағы электр желілері мен бағаналарын жаңартуды көздеп отыр.

Халық сарыла күтіп отырған қуаныштар легі толастамақ емес. Бастысы, қаржысы бөлінді. Ауа райы құбылса қараңғылықтың құрсауында қалатын ауыл үшін жарқын күндер әлі алда.

БІЛІМДЕ БӘСІ БИІК

Бабадан мирас болып қалған құндылықтарды мемлекетіміздің мәртебесі, келешегіміздің қазынасы, халқымыздың рухани жаңғыруы жолында іске жарату үшін әрине, білімді ұрпақ тәрбиелеу – бірінші міндет.

Ауданда жалпы білім беретін 38 мектеп жұмыс істейді, 3 мыңнан астам педагог қызметкер еңбек етеді. Мектептің бәрі де – заманауи қалыпқа түскен білім ошақтары. Үш ауысымдық және апатты мектептер жоқ. 18 мемлекеттік, 75 жеке балабақша бар.

– Шиелі тарихында бастауыш мектеп, негізгі мектеп, орта мектеп болып қалыптасқан білім мекемелері қазіргі таңда заман үдерісіне сай дамып келеді. Ауданда инновациялық мектептер мен орта мектептер арасында кәсіби серіктестік желісі қалыптасты, жас мамандарды қолдаудың әдістемелік даму ортасы құрылды, шығармашыл ұстаздардың тәжірибесі таратылды.

Қазіргі таңда балалар теориялық білімді өмірде қолдану мақсатында ғылыми жұмыстармен айналысып, өсімдіктерді субстратты, субстратсыз ортада өсірудің түрлі технологияларын, биологиялық тыңайтқыштар алуда қалдықтарды өңдеудің тәсілдерін, химиялық препараттарды табиғи өнімнен алу зерттеулерін, баламалы энергия көздерін қолданудың түрлі жолдарын мектеп қабырғасында жүріп-ақ іске асыруда. Пәндік білімдері мен дағдыларын республикалық деңгейлерде көрсете отырып жоғары нәтижелерге жетуі, спорт, өнер бағытында биіктерді бағындыруы – шәкірттеріміздің аудан дамуына қосқан үлесі.

Осындай еңбектерімен ерекшеленген киелі Шиелі жерінің ұрпақтары білімді, ұстаздары ұлағатты десек, 95 жылдық тарихында қарқынды дамып келе жатқан өңіріміздің кез келген саласының қызметкерлері мен еңбек адамдары, тұрғындары қашан да бірлігі жарасқан ел болашағы үшін еңбек етеді. Биылғы жылдың өзінде салауатты өмір салтын қалыптастыру жолында спорт кешендерінің ашылуы, балаларға арналған ойын алаңдары мен демалыс аллеяларының қолға алынуы, орталықтанған кітапханалардың жаңа үлгіде дамуы, балабақшалар мен мектептердің заманауи құрылғылармен қамтамасыз етілуі – білімге, ұрпақ тәрбиесіне мемлекеттің қолдауы деп білемін, – дейді М.Ломоносов атындағы №47 мектеп-лицейінің директоры Сәуле Нұрманова.

Мемлекет тарапынан бүгінгі таңда педагог мәртебесіне ерекше көңіл бөлініп, әлеуметтік мәселелерге тиісті деңгейде қолдау көрсетіліп келеді. Оқушылар үйі, Өнер мектебі, «Сыр ұланы» тыныңу жайы, «Самғау мектебі» және «Зияткер мектебі» сынды жеке мектептер де жұмыс істейді. Айта кетейік, ауданда 250 орындық жаңа мектеп жуық арада пайдалануға берілмек.

Ауданда №9 олимпиадалық спорт мектебі, №10 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі және Шиелі спорт клубы, 3 стадион, 3 спорт кешені, 44 спортзал, 96 спорттық алаңдар салауатты өмір үшін қызмет етіп тұр.

ШҰҒЫЛА ШАШҚАН ШИЕЛІ

Қазіргі таңда Шиелі десе есіңізге бірден не түсер еді? Біз көзбен көрген ауданның әр түпкірінің, тау-тасының өзіндік тарихы мен ерекшелігі бар. Әр өңірдің аты аталғанда сол жердің абыройын асырған алыптары да қатар айтылады. Ал шиеліліктер несімен мақтанады? Бұл жолғы сапарда түйгінімізді қысқа қайырып айтар болсақ, шұғыла шашқан Шиелінің он брендін ой дәптерімізге астын сызып тұрып жазып қойдық.

Сонымен Шиелі десе кез келген жанның көз алдына күріш елестейтіні сөзсіз. Берекелі дақылының арқасында ырысы молайып, қамбасы тасыған Шиелі ауданы ең алдымен ақ күрішімен танымал. Ал күрішті даңқты диқан Ыбырай Жақаевтан бөліп қарау мүмкін емес. Саналы ғұмырында кетпенін қолына алып, маңдай терімен күрішті баласындай баптаған рекордшының өзге емес, дәл Шиеліде туғаны үлкен мақтаныш.

Ауданның одан кейінгі бренді – қауыны. Кеңес одағының кезінде көршілес мемлекеттерге дейін экспортталған Шиелінің қауынынан бүгінде теміржол вокзалына тоқтаған әр жолаушы дәмін татып қалуға тырысады. Жердің құнары қашқандығы мен берілетін дәрілердің әсерінен дәмі дәл бұрынғыдай болмаса да, қауынға деген сұраныс бәсеңдеген емес.

Шиелі – шағын болғанымен, біртуар тұлғаларды дүниеге әкелген киелі өлке. Олардың қоғамдағы орны мен артында қалдырған ізгі жолдарын ауданның әр тұрғыны мақтанышпен айтады. Есімдерін тізіп айтар болсақ, бір кітаптың мазмұны шығары хақ.

Аудан аумағында орналасқан киелі орын – Оқшы ата кесенесі. Жол бойынан өткен әр жолаушы міндетті түрде тоқтап, Құран бағыштайды. Тіпті өзге өңірден арнайылап келіп, ас беретіндер де аз емес.

Сонымен қатар Шиелі өндірісі мен өнеркәсібі жағынан да өзге аудандардан көш ілгері. Республика бойынша санаулы жерден ғана бой көтерген цемент зауытының біреуі ауданда орналасуы – үлкен жетістік. Бұйырса жақын болашақта «Шиелінің цементі» брендке айналатын күн алыс емес деп сенеміз. Сондай-ақ, ваннадий кен орны өнімді жұмыс жасап келеді. Бүгінде уран өндіру бойынша әлемнің көшбасшы мемлекеттерінің біріне айналды. Аудан аумағында орналасқан «РУ-6» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстанның уран өндірісіне ерекше екпін беріп отырған мекеменің бірі. Ел экономикасының дамуына жерасты байлығымен өлшеусіз үлес қосып жатқандығы шиеліліктер үшін үлкен абырой.

Аудан демалыс орындарынан да кенде емес. Күн жылыса Бәйгеқұм ауылының жанындағы «Ханқожа» көліне демалушылар санында шек болмайды. Облыстың әр бұрышынан арнайылап келіп, тынығушылардың барлығы ерекше әсер алып қайтатыны анық. Уақыт өте бұл аумақ ауқымды туристік аймаққа айналары айқын.

Осындай шырайлы өлкеде шынайы еңбектің нәтижесі кейінгі уақытта ерекше көріне бастады. Мәселен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев осыған дейін Шиелі ауданына жұмыс сапарымен бірнеше рет барды. Сол уақыт аралығында жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешенінің салтанатты ашылуына және тұрғындарға пәтер кілтін табыстау рәсіміне қатысты. Тұрғындарға 72 пәтердің кілтін табыстады.

Сыр өңірінде егін жинау науқаны басталған кезде де облыс әкімі Шиелі ауданы Тұран ауылдық округіндегі «Төңкеріс және К» шаруа қожалығына барып, жиын-терім жұмыстарының басталу рәсіміне куә болған еді.

Түйін. *Талай қиын-қыстау кезең мен бейбіт тіршілікті басынан кешкен Шиеліге биыл 95 жыл толғанын ел дүркіретіп тойлады. Жүз жылға жуық уақыт ішінде өрісті өңірге айналған мекен жайлы толғаныс көп. Әр ауылының өзі бір тарих. Ел анасы атанған, Шиелі ауданының құрметті азаматы Ұлман Мәміреева «Әр уақыттың, әр кезеңнің қандай болғанын естен шығармай, жастарымыз бардың қадірін бағалай білсін. Шиелі ауданының бейнеткеш халқы дәл қазіргі дәрежеге жету үшін аз аянбады, көп еңбек пен күш-жігер жұмсады» – деген болатын. Сондықтан жас өркен бұл тарихтың тағылымды жолын қаперден өшірмес деп сенеміз.*

Мерейлі мезеттері менмұндалап, қазыналы қарт ауданның абыройы артып, беделі әлде де биіктей берсін.

Қызылорда-Шиелі-
Қызылорда

ТӘКЕЙ ЕСЕТОВТІҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

Асқар тағылар аласармайды

...Мықтының да баса алмайтын
мысы мың,
Жүрегіне ұя салған үш ұғым:
Биіктігін,
Тереңдігін,
Кеңдігін,
Бағалайтын ең бірінші кісінің.

Иә, парасат-пайымы жоғары лауазымды адамдар арамызда аз емес. Олар бүгін де бар, кеше де болған. Солардың бірі – мемлекет және қоғам қайраткері, биыл туғанына жүз жыл толған Тәкей Есетов сияқты бекзат болмысты біртуар тұлға.

Осыдан жүз жыл бұрын қараша айында Қазалы қаласындағы ұсақ қолөнерші Есет ақсақалдың отбасында дүниеге келген зерек жас бала әке қолөнеріне қанығып өсті. Әкесі болса өмір бойы қолынан құрал-жабдығы түспей, Қазалы базарына жыл он екі ай ойдан-қырдан ағылған келушілердің сұранысына сәйкес тон, кеудеше, тымақ, кебіс, етік тігіп, ер-тұрман жөндеп, ерінбей-жалықпай еңбек етсе, анасы отбасының ажары мен базары болатын. Ерлі-зайыпты екеуі отбасындағы жалғыз қызы Үйтолған мен жалғыз ұлы Тәкейді қатарынан кем қылмай өсірген.

Әкесі ұлын жеті жасқа толғанда Қазалыдағы сол тұстағы іргелі екі мектептің бірі –№17 білім ұясына үлкен арман, үкілі үмітпен жетелеп әкеліп, мектеп директорына табыс етіпті. Мектеп басшысы кейін Қазақ ССР-нің Оқу министрі лауазымында болған Кенжеәлі Айманов еді.

Осы білім ұясын 1940 жылы үздік тәмамдаған болашақ мемлекет және қоғам қайраткері Тәкей Есетов сол жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға қабылданды. Бірақ өкінішке қарай оның студенттік өмірі ұзаққа созылмайды. Енді ғана білім биігіне қол созған бозбаланың одан әрі оқуына одақтық үкімет тарапынан жоғары оқу орындарына ақылы оқу тәртібі енгізілгені кедергі болды. Бұған шамасы келмеген студенттердің басым көпшілігі амалсыздан ауылдарына оралды. Солардың қатарында Т.Есетов те бар еді. Себебі әкесінің тапқан-таянғаны отбасының ас-суынан ауыспайтын. Сондықтан ол туған жеріне оралып, бірде сауатсыздықты жою курсында үлкендерге дәріс берсе, енді бірде қол жұмысты да айналып өтпеді. Қысқасы, бұралаңы мен бұлтарысы көп соқтықпалы соқпақ оны ширата түсті.

Әкесі Есет отызыншы жылдардағы ел басына туған екіталай кезеңде жалғыз ұлының заман ағымына сай болып өсуін қадағалаған. Сол кездегі жаппай тәркілеу, колхозға күштеп біріктіру, ашаршылық, қуғын-сүргін... Осының бәрін басынан өткізіп, ес жинап етегін буды. Ерте есейді.

> Ұлы Отан соғысы басталғанда өрімдей он тоғыз жастағы Тәкей де қолына қару алып, оқ пен оттың құрсауындағы Батысқа аттануға әзірленді. Соғыстың екінші жылы Алматы жаяу әскерлер училищесінде әскери машыққа төселіп, бір топ курсантпен майданның алғы шебіне аттанды. Сөйтіп олар Ленинград бағытындағы атақты Волхов майданындағы қанды ұрысқа араласып кетеді. Ол сұм соғыстың қасіретін өз басынан өткізді, өз көзімен көрді. Кезекті ұрыста аспаннан жауған бомбадан ауыр контузияға ұшырап, далалық госпитальға түсті, жарақатына байланысты амалсыз ауылға оралды.

Осы кезде Қазалы аупарткомында насихатшы-нұсқаушы, ауаткомда жауапты хатшы, қаржы бөлімінің меңгерушісі сияқты сан салалы қызметтер құлағын ұстады. Алайда ол қалайда жоғары білім алуды алдына мақсат етіп қояды. Күндердің бір күні оның да сәті түсті. Қазалы аупарткомының төрағасы Төлеген Дәуітбаевтың қамқорлығымен Тәкей Есетов Ленинградтағы Бүкілодақтық қаржы институтына оқуға қабылданды.

Сөйтіп 1955 жылы институтты тәмамдаған Тәкей Есетов кіндік қаны тамған, туып-өскен Қазалыға көрші, төсекте басы, төскейде малы қосылған Аралға келді. Қолына осы ауданның қаржы бөлімінің бастығы деген бұйрық алған соң үй ішін дереу көшіріп әкелді.

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Бекентай Мүсәпіров жаңа келген жас жігітті жылы қабылдап, бірғауым жөн-жосық сұрасады. Ол кездері Арал қаласында қазақтар аз, орыстардың үлес салмағы әжептәуір болатын. Оның үстіне орталықтағы Судоверка жағында орыс ұлты жиі қоныстанып, сол жылдан бастап «Чайка», «Урал», «Сокол» әскери қалашықтарының іргетасы қалана бастаған кез еді. Қала теңіз іргесіне қоныс тепкендіктен, көшелерде матростардан көз қамасатын.

Аудан басшысы Б.Мүсәпіров Тәкей Есетовті партия комитетінің үшінші хатшылығына ұсынып, ол осы қызметте ел жағдайымен жете танысып-біліседі. Елуінші жылдардың аяғы, алпысыншы жылдардың басында халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы әлі де мәз емес еді. Осы тұста аудан халқының ахуалын жақсартуда мектеп, балабақша, аурухана, тұрғын үйлердің көптеп бой көтеріп, аралдықтардың игілігіне берілуіне Тәкей Есетовтің қосқан үлесі қомақты болатын.

Ол «Тағдыр мен тағылым» атты кітабында үшінші хатшылықтан бір жылдан соң екінші хатшылыққа тағайындалғанын еске алады. Иә, бұл аудандарды жөн-жосықсыз біріктірген Н.Хрущевтің кеңестік кезеңдегі атышулы реформасына тұспа-тұс келген қиын-қыстау уақыт еді. Арал ауданындағы колхоз-совхоздар осы кезде көрші Қазалы ауданының қанаты астына қарап кеткен. Сол тұста облыс басшыларының келісімімен Т.Есетов облыстық партия комитеті әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. 1965 жылы Арал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды.

Сонау 1955 жылдары алғаш еңбек жолын бастаған Аралға қайта оралып, аудан басшылығының тізгінін нық сеніммен ұстайды. Бұл ауданда колхоз, совхоздардың саны ұлғайып, мал басының анағұрлым көбейіп, Араалдың атақ-даңқы шартарапқа асқақтаған тұсы еді. Осыған сәйкес халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жылдан-жылға жақсара түсті. Бір кездері қабырғасы шом қамыстан қалаған, аласа қақыра тамдарда тұратын балықшылар мен малшылар қауымы ақ шатырлы үйлерге қоныс тепті. Ауыл сайын, тіпті қыстау сайын монша салынып, еңбек адамдарының игілігіне пайдалануға берілді. Бұрын кешкі сағат 18-ден түнгі сағат 12-ге дейін ғана сығырайған электр жарығын пайдаланып келген ауыл-аймаққа енді жаңа заманғы электр нұры күндіз-түні қуатты подстансалар арқылы таратылды. Шалғайдағы ауылдарда жаңа ауруханалар, сол заманға лайықты білім ұялары, жүздеген еңселі тұрғын үйлер, нан зауыты, балық ыстау зауыты, жаңа «Универмаг», қонақ үй, мейрамхана, байланыс үйі, монша, стадион, мәдениет ошақтары, кітапханалар салынды.

Міне, осы ауқымды жұмыстарды атқаруда Тәкей Есетов білікті басшылық, нағыз көрегендік танытқан тамаша ұйымдастырушы бола білді. Бірінші хатшы жоғарыдағы жұмыстарға қажетті қаржы көзін іздестіруде, оның уақытылы орындалуы мақсатында талмай тер төкті. Үкімет басшыларынан бастап, салалық сан алуан министрліктің табалдырығынан аттап, табанын тоздырды.

Арал ауданын өзі аттас теңізсіз, теңізді Арал ауданынсыз көз алдыңа елестету, көңілге қонымды ету тіпті қиын. Бұл екеуі бұлжымас, бұзылмас сөз тіркесі. Бір адамның қос көзі, қос қолы, бір қайықтың қос ескегі тәрізді еді.

Өзінің «Тағдыр мен тағылым» атты жоғарыда аталған естелік кітабына енген бір әңгімесінде ол теңіз тағдыры туралы төмендегіше сыр шерткен еді: «Бүгінде тоқырау заманының басшылары Арал теңізінің тартылуына қарсы ешнәрсе жасаған жоқ, теңізді қолдан құртты» деп жүр. Әрине, бұл пікірді шындықтан алшақ деуге болмайды».

Арал ауданының, оның ішінде ұлы теңіздің тағдыры толғандырған бірінші хатшы сол тұстары бір сәт тыным тапқан жоқ еді. Аралдықтардың көз алдында іргедегі «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылған аспан кемелері жан-жағын отқа орап, теңіз суын орасан зор көлемде кептіріп жатты. Оның үстіне Сыр мен Әму өзендерін тел емген байырғы теңіздің халі қос дарияның арнасы төмен түскен сайын мүшкілденіп бара жатқан.

Осы тұста ғой Тәкей Есетовтің бармақ тістеп, ішінен тынатыны. Себебі билік тізгіні қызыл жұлдызды Кремльдің төрінде болатын. Турасын айтқанда, олардың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс екенін сол кездегі көкірек-көзі ашық азаматтар жақсы білетін еді. Болмаса аудан, облыс, республика басшылары өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап СОКП серкелеріне, саяси бюро мүшелеріне Арал теңізінің тағдыры туралы қаншама рет Д.Қонаевтың 1976 жылы өткен СОКП XXV съезінде сөз сөйлеп, нақты ұсыныстар қойғаны ел есінде.

Т.Есетов басшылық жасаған 1965-1978 жылдары Арал ауданының еңбекшілері республикалық, бүкілодақтық жарыстың бірнеше дүркін жеңімпазы атанып, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы одан сайын жақсара түскен болатын. Ауданда бірінші хатшының сол кездегі жұмысының өрлеуіне, елдің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өркендеуіне өз үлесін қосқан сенімді серіктері көптеп саналды. Олардың қатарында Арал балық комбинатының директоры (кейінірек Балық шаруашылығы министрі) Құдайберген Саржанов, «Райым», «Жамбыл» балық колхоздарының төрағалары Берекет Омаров, Әбдіқани Жүсіпов, «Бөген», «Қаратерең» балық аулау базаларының, «Ұялы» балық зауытының директорлары Әубәкір Әнесов, Жанасыл Әлжанов, сәл кейінірек осы қызметтің тізгінін ұстаған Толыбай Ұйқасов, Дәуқара Аймағамбетов, мал шаруашылығындағы «Қарақұм», «Приарал», «Арал», «Құланды» совхоздары мен зауытының директорлары Байжан Бижанов, Мүсілім Қазанбасов, Тәлекен Сырымов, Жақсылық Жетесов, автобаза директоры Оразғали Ерекешов, кеме жөндеу зауытының директоры Қожақ Жақсыбаев, мал сою пунктінің директоры Бекұзақ Рахов, тұрмыс қажетін өтеу комбинатының директоры Әріп Өксікбаев және басқа азаматтар болған еді.

> Ауданды басқарған уақыт ішінде бірінші хатшы үлкенмен де, кішімен де ортақ тіл таба білді. Мекеме, құрылыс, білім, денсаулық, колхоз-совхоз басшыларын ортақ табысқа орайын тауып жұмылдырған бірегей басшы атанды. Табиғатында сыпайы, мәдениетті, ішкі жансарайы жақұттай жарқыраған ол ең алдымен ел-жұрттың ұсыныстілегін ұмытпады, қарапайым халықтың қыруар мұқтажын орындау жолында күш-жігерін, бар білімін сарп етті.

Бір сөзбен айтқанда, жергілікті халықтың тілегімен жете санасты. Арал халқының әлеуметтік ахуалын алпысыншы-жетпісінші жылдары асқақтатқан Есетовтің де атағын сол ел аспандатты. Бірнеше мәрте Компартия съездеріне делегат болып қатысып, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Айы оңынан туып, жұлдызы жарқырады. Бірақ ата-бабаларынан бойында тектілік дәні көктеген ол атаққа, табысқа мастанбады. «Бұл – менің емес, ел-жұрттың, еңбекші қауымның табысы» дейді екен ол кісі.

Тәкей Есетов бұл ауданды ауатком төрағасы Әуелбек Медетбаевпен бірлесіп басқарды. Айтулы азамат, үлкенге ізетті, кішіге құрметті Әуекең екеуі ортақ тіл табысты.

Әйел – азаматтың абыройы, намысы. Құралайдай адал да аяулы жары Тәкеңнің сенімді серігі болды. Жүсіпбек, Қайырбек, Әділбек, Еркінбек, Айгүл есімді ұл-қыздарды өмірге әкелді. Балаларынан 15 немере, 13 шөбере өсіп-өнді.

1978 жылы Тәкей Есетов облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына тағайындалып, қызмет тізгінін ұстағаннан бастап Сыр бойын көркейтуге, өркендетуге атсалысты. Адал еңбегіне орай бірнеше орден омырауында жарқырады. Мансап пен марапаттан гөрі, қарапайым еңбекші халықтың қамын көбірек күйттейтін. Бірінші кезекте айдынды Арал мен қарт Қаратаудың арасын жайлап жатқан қалың елдің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына баса көңіл бөлді. Облыс басшысы болып қызмет атқарған алты жылдың ішінде Қызылорда қаласында өндіріс ошақтары, өнеркәсіп орындары бірінен соң бірі кең қанат жайды. Сондай-ақ Қазақстан Компартиясының кезекті XV съезінде Сыр бойында қордаланып қалған мәселелер жөнінде айтты.

Кешікпей облыс басшысының сөзі нақты іске айналды. Облыс орталығында жаңа әуежай, қазақ драма театры, музей ғимараттары бой көтеріп, пайдалануға берілді. Қаланы қысқы жылумен қамтамасыз ететін жылу орталығының жұмысы жолға қойылды. «Қызылордарисмаш» зауыты, тоқылмайтын маталар фабрикасы, өкпе аурулары ауруханасы, емханалар, мектептер, балабақшалар және басқа құрылыс нысандары салынды. Аймақта сол жылдары «қара алтын» өндіруге әзірлік жедел түрде қолға алынған болатын. Соған сәйкес Қаратау етегінен «Шалқия» кеніші іске қосылып, «Құмкөл» мұнайы қорын зерттеп табу, алғашқы мұнай өндіру қарекеті оның тікелей қолдауымен, ұйымдастыруымен басталған еді.

Сыр бойының қай кезде де экономикалық табысы негізінен ауыл шаруашылығына тікелей байланысты екені өзіміз түгіл, өзгеге де аян. Сол жылдары аймақ ауыл шаруашылығында айтарлықтай ілгері басушылық болып, табыс табысқа ұласты. Облыс диқандары 1978 жылы мемлекетке 17 миллион пұт Сыр салысын тапсырды. Осыдан алты жыл өткенде көрсеткіш 24 миллионға жеткенін бірінші басшының ұйымдастырушылық ұтырлы қабілеті мен біліктілігінің жемісі деп білген жөн болар. Сол тұстары облыстың жеті ауданында мал басын аман сақтау, алынған төлді шығынсыз өсіру шаралары қос қолдың саласындай қатар жүргізілетін. Облыс бойынша төлдеген қойдың әр жүзінен орта есеппен 110-115-тен қозы алынды. Сондай-ақ басқа да түлік түрлерінен алынатын өнімдер жыл санап молая түскенін сол жылдардағы көрсеткіштерден айқын аңғарылады.

Әрине, «Жалғыз ағаш орман емес» дегендей, сол тұстары облыс басшысы Тәкей Есетов халықпен тығыз байланыста болатын, өз ісін жақсы білетін іскер қайраткерлерді жанына топтастырды. Кейін өмір өткелдерінен бірге өткен, қызметтес болған олардың есімдерін зейнет жасына жетіп, өмірден озғанша құрметпен еске алып отырады екен. Бұл орайда ол алдыңғы толқын ел ағалары С.Сейітов, З.Жарқынбаев, сол кездегі аудан басшылары А.Жанпейісов, Б.Мүсәпіров, И.Иманқұлов, Ж.Бәкішев, Ә.Байшуақов, Қ.Қазантаев, Е.Жүнісбаев, Ғ.Мұхамеджанов, Е.Көшербаев, Б.Уәлиев, обком хатшылары М.Сужиков, И.Әбдікәрімов, С.Тоқтамысов, Х.Бектұрғанов, М.Ықсанов, С.Оспанов, атақты диқан Ы.Жақаев, күрішші С.Жұмабекова, Арал теңізінің атақты балықшысы Н.Демеуов, қарымды қаламгерлер А.Тоқмағамбетов, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, Ә.Нұрпейісов, Қ.Мұхамеджанов, З.Шүкіров, Н.Сералиев, айтыскер ақын М.Көкенов, айтулы әнші Р.Бағланова, өндіріс жетекшілері Цай Ден Хак, Ж.Қизатов, Ұ.Еспанов, сол кездегі үкімет жүктеген міндеттерді бірге көтерген заңғар ойлы замандастары С.Құбашев, Д.Айдаров, Ы.Қалиев, Ж.Берденов, Қ.Қартақов, Ж.Байқожаев, бір кездері өзімен қызметтес болған, ағалық қамқорлығын көрген ізбасар інілері А.Дәулетов, Н.Тоқмырзаев, А.Айдосов, Н.Подольских, Н.Уәлиев, А.Баймағамбетов, С.Абатов, Ә.Медетбаев, А.Құмаров туралы ерекше жылылықпен ой толғаған.

Т.Есетов сол кездегі республика басшысы Д.Қонаевтың сенімін ақтаған, көңіл тезінен шыққан обкомның бірден-бір бірінші хатшысы болатын. Қашан көрсең де сабырлы, салмақты, елдік сөзін мың ойланып, жүз толғанып барып айтатын адам еді.

Мемлекет және қоғам қайраткерінің жұбайы Тазагүл Сейітжанқызы өмірден беймезгіл озған алғашқы жары Құралай Кәрібайқызының отанасы жолын лайықты жалғастырды. Жеті баланы жатсынбай, бауырына басып, азамат қатарына қосты. Өзі де бұл фәниден озып, мәңгілік мекеніне жеткеніне бірнеше жылдың жүзі болыпты.

Осы жылы туғанына жүз, дүниеден озғанына жиырма жыл болған Тәкей Есетов сияқты біртуар тұлғаның артында қалған ұрпақтары бұл күндері жаңа Қазақстанның шаңырағын көтеріп, керегесін кең жаюға өз үлесін қосып жүр.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дегендей, қазір мемлекет қайраткерінің атында Қызылорда қаласында ауласына қола мүсіні орнатылған мектеп-лицей және облыс орталығында, аудандарда көшелер бар. Осының өзі айтулы тұлғаның есімі елжұртпен бірге ұзақ жыл жасай беретінін танытса керек.

Арал ауданын үшінші жыл басқарған тұста, 1968 жылы 6 қарашада сүйікті жұбайы Құралай Кәрібайқызы 43 жасында дүние салды. Сол кезде Тәкеңнің есіне:

– Не керек айтып-айтпай
дүние шолақ,

Пенденің осы жүрген бәрі қонақ, – деген өлең жолдары түскен екен.

Асыл азамат аяулы жарынан қапыда айырылып, оның беймезгіл қазасына қатты қайғырды. Марқұм Құралай Кәрібайқызы екеуі соғыстың қайнап тұрған кезінде 1943 жылы отау тіккен болатын. Бұл кісі де сыпайы, мәдениетті жан еді.

Екінші ұлы Қайырбек Есетов аяулы анасы туралы төмендегіше сыр шертеді:

– Анамыздың әкесі Кәрібай патша заманында Қазалы аймағында болыс болған беделді кісі екен. Күміс әжеміз екеуінен Айдарбек, Маржан, Құралай есімді перзенттері тарайды. Ата-анамыз бас қосқанда анамыз Қазалы аудандық білім бөлімінде есепші, әкеміз Ленинград қаржы институтының күндізгі бөлімінің студенті екен. Әкем оқуды бітірген соң Арал аудандық қаржы бөлімінің бастығы болып осында келеді. Анамыз болса қаладағы №13 орта мектепке есепші қызметіне орналасады. Сәл кейінірек әкем аупарткомның үшінші, екінші хатшылығына тағайындалады. 1961 жылы обкомның бөлім меңгерушілігіне ауысуына байланысты біздің отбасы Қызылорда қаласына көшті. Обкомның бірінші хатшысы Сәлімгерей Тоқтамысовты әкеміз 7 қарашадағы мереке алдында дастарқаннан дәм татуға шақырды. Бұл 6 қараша еді. Қазақта «құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген мағыналы мәтел бар. Сол айтылғандай, анам үйге қонақ келер қарсаңында босанып, Жүсіпбек, мен, Әділбек, Еркінбек сияқты төрт ұл қарындасты болдық.

Қазақта дүниеге перзент келгеннен асқан қуаныш жоқ. Облыс басшысының әкем мен анамды шын жүректен құттықтап: «Бұл – ғарышқа адамзат ұшып жатқан дәуір. Ендеше нәрестенің есімін Айгүл деп қойсақ» дегені әлі есте. 1966 жылы қыс айында Алматыға сапар шеккенім де күні бүгінгідей есімде. Сол жолы әкем, анам, мен және Айгүлді Д.Қонаевтың көмекшісі Дүйсетай Бекежанов күтіп алды. Бұл әкемнің Қазақстан Компартиясының кезекті съезіне сапары болса керек. Сол сапарда Димекеңнің отбасында болдық. Анам марқұм мейлінше қарапайым жан еді. 1969 жылы Сыр бойына келген сапарында Д.Қонаев Аралға арнайы ат басын бұрып, тартылып бара жатқан теңіз тағдырымен танысып, біздің отбасымызда болып, марқұм анамызға көңіл қосын білдіргенін ұмытпаймын.

Аяулы анасы Құралай Кәрібайқызы жөнінде үшінші ұлы Әділбек Есетов былайша сыр шертеді:

– Біздің анамыз 1925 жылы Қазалы ауданының «Өркендеу» совхозында дүниеге келіпті. Нағашы атамыз 18-ден 54 жасына дейін атақты болыс болып, ат арқасына мінген. 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен түрмеге жабылып, көп ұзамай қайтыс болған. Заманында Күншығыс жастарының жалынды жетекшісі атанған Ғани Мұратбаевтың әкесінің тұстасы, үзеңгілес жолдасы болған адам. Міне, осындай әкеден туған біздің анамыз қайтіп осал болсын?! Үлкен әжеміз Кәрібай атамызға 14 жасында тұрмысқа шығып, 15 бала тәрбиелеп өсіріпті. 1957 жылы қайтыс болып, өзі туып-өскен «Өркендеу» ауылындағы бейітке жерленді. Осыдан жиырма-отыз жыл бұрын бүкіл әулетімізбен барып, нағашы әжемізге ас беріп, дұға бағыштап, аруақ алдындағы бір парызымызды өтеп қайттық, – деді ол.

Марқұм Тазагүл Сейітжанқызының мамандығы ұстаз еді, үлкен жүректі абзал ана болатын. Бұл анамыздан Айнұр, Асқар есімді ұл-қыз бар, яғни қарашаңырақ иесі – Асқар. Қазір Қызылорда қаласында тұрады.

Көл балықсыз, хан халықсыз болмасы белгілі. Алыстан қарасаң, басы ақ қар жамылған асқар таулар аспанмен таласып асқақтай түсетінін көресің. Ел басқарған, халық көңілінен ұзақ жыл бойы өзінің өнегелі, өміршең, іргелі істерімен берік орын алған тау тектес тұлғалар есімдері сол ел-жұртпен бірге жасай береді. Өйткені асқар таулар ешқашан аласармайды. Уақыт өткен сайын асқақтай бермек.

– Нұрлантқан солар көңілді,
Айтады ел-жұрт ол жайлы.
...Қырандар сүрген өмірді,
Қарғалар сүре алмайды.

Толыбай АБЫЛАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Әрі есімде...

Ашық дерекқордан алынды.

– Хұсейін қайда жүрсіңдер? Қалдыбек қайда, ол да көрінбей кетті. Соқпай кеттіңдер ғой мүлде, – дер еді Базарбай көкем бізді сағынып іздей бастағанда. Біз де жұмысбасты боп жүргенімізге ренжіп, екеуара жинала қалып, «Арай» қайдасың, Базекем қайдасың?» деп жүгіре жөнелетінбіз бұрынырақ.

Ал қазір өзімнен-өзім отырып, «осы Базарбай ағаға бармағанымма көп болды-ау» деп қалып, ол кісінің бұл жалғанды бізге қалдырып кеткеніне бір жылға жуықтап қалғаны еске түсіп, «а-а-ай, шіркін-ай, дүние-ай» деп көзім дымқылданып шыға келетіні бар.

Иә, елінің ықыласына бөленген білікті дәрігер, медицина саласының ардагері, абыройы, Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері, «Мұстафа Шоқай» қорын құрып, оның көп жыл төрағасы болған академик Базарбай Асанбайұлы Атабаев ағамызды о дүниеге аттандырып салғанымызға бір жылдай болып қапты.

Қаншама жыл бірге болдық десеңші?! Қаншама ай... апта... күн...

Ойлай берсең ол кісімен бірге өткізген әр күнің, тіпті сағаттарың еске түседі. Қашан еді танысқанымыз? Өткен ғасырдың 70-жылдары болуы керек. Сол кезде біздің Н.Бекежанов атындағы театрдың директоры Сақтаған Тұрлымұратов деген ағамыз болды. Мен Мәскеуден Жоғары режиссерлер курсын бітіріп келіп, Тахауи Ахтанов ағамыздың «Махаббат мұңы» деген драмасын сахналап, премьерасы болайын деп жатқан. Ол кезде А.Тоқмағанбетов атындағы Мәдениет үйіндеміз. Сәкең екеуміз Мәскеуден келген қонақ, ГИТИС-тің Жоғары режиссерлер курсының директоры Лев Николаевич Жигалинді премьерадан кейін қалай күтсек екен деп ақылдасып отырғанбыз. Сәкеңнің кабинетіне орта бойлы, мығым денелі қасы-көзі ерекше келген бір жігіт қасына келіншегін ертіп кіріп келді де:

– Ассалаумаәлекум, Сәке! Сөздеріңізді бөліп жібердім бе? Мына келініңіз қоймай...

– Ау, ау, кел, кел, Базарбай, ағаңның кабинетіне қай уақытта болса да еркін кіретін бауырым емессің бе, амансыңдар ма? Келін айналайын, балалар аман ба? – деп Сәкең орнынан тұрып қалбалақтап қалды.

– Мына «Махаббат мұңы» менің сүйіп оқыған шығармам еді, соны театр қалай қойды екен көрейік деп билет алсақ, еншімізге соңғы қатардан тиіпті. Келініңіз алыстан көре алмайды ғой, соған өзіңізге келіп едік...

– О-о, ол өтінішіңнің жарасы жеңіл ғой, міне, мынау – шақыру билеті, ортадағы қатардан.

– Мына азаматты онша танымай тұрғаным, – деді Базарбай маған қарап, өзіміздің ауылдан ба?

– Иә, өзіміздің, өзіміздің, Тереңөзек жағынан. Хұсейін Теміров. Бүгінгі спектакльдің режиссері, ал мына кісі менің інім Базарбай Атабаев деген болады, Хұсейін. Медицина саласының Халық артисі.

– Өзінің де артистігі жетерлік еді, тіпті асырып жібердіңіз ғой ініңізді, сахнаға жармасып жүрмесін, – деп қалды жеңгеміз.

– Мен жәй, мына Хұсейінге түсінікті болсын деп айта салып едім, көңіліңе алмай-ақ қой, келін, айналайын, – деді Сәкең сасқалақтап.

– Танысқаныма қуаныштымын, – деді Базарбай менің қолымды қысып тұрып, – артист болмасақ та, театрдың тұрақты көрерменіміз. Мына кісі менің келіншегім – Гүлбаһрам деген сұлу.

– Өте жақсы! Мен де ризамын.

Базарбаймен осылайша танысқанымызбен, бірден араласып кете алмадық. 1977 жылы Сақтаған ағамыз Алматыдағы М.Әуезов театрына ауысты да, орнына Шайтұрсын Әбдібаев директор болып тағайындалды. Шайтұрсынның үйінде болған бір отырыста Базекеңмен қайта табысып, менің жарым Әлия Гүлбаһраммен танысып, содан бері Атабаевтар отбасымен жақын араласып кеттік және бір жақсысы ол кезде біз қазіргі Әйтеке би көшесінің бойындағы 26 үйде көрші тұрады екенбіз. Біз бірінші, олар екінші подъезде.

Маған Базекеңмен арадағы қатынаста қатты әсер еткен жағдай – ол кісінің Мұстафа Шоқаймен жақындығы еді. Бір отырыстан қайтып келе жатып, «Базеке, біздің үйден аттап кетесіздер ме?» деп едім, Гүлекеңді қолтықтап алып жоғары көтерілдік. Әлия дереу шай дайындай бастады да, Гүлекең «Мен Әлияға көмектесейін» деп ас үйде қалды.

– Базеке, – деп бастадым, көптен бері айта алмай жүр едім. Жақын танысып жатырмыз, сонымен бірге біздің арамызды одан сайын жақындастыра түсетін тағы бір жағдай бар, – дегенде өзімді ұстай алмай көзіме жас келе берді. – Менің әкем Жүсіп соғыстың басында әскерге алынып, алғашқы ұрыстардың бірінде пленге түсіпті. Концлагерьдің азабын бір кісідей тартқан көрінеді. Көп айтпайды, кейде бір жақын шалдары келгенде там-тұмдап айтқан әңгімесін сырттай естіп қаламыз. Міне, сондай ауыр азапта жүргенде, Құдай айдап бұлардың лагеріне Мұстафа Шоқай келіп, басқа тұтқындармен бірге менің әкемді де босатып, кішігірім заводы бар бір немістің қызметшісі етіп орналастырыпты. Әкем содан аман қалып, жеңісті де сол жерде күтіп алса керек. Сондықтан да біз Мұстафа Шоқай десе жұрт құсап жерімей, оны құтқарушымыз деп үлкен құрметпен есімізге аламыз. Сізді де сол үшін жақын тұтып, бауырымдай көремін.

Базекең де көзінен жас тамшылап, орнынан көтеріліп, мені құшақтай алды. Осылайша құшақтасып тұрғанда Гүлекең мен Әлия да келді.

– Ау, ау, жай ма? Немене, кондицияға жетіп қалдыңдар ма? – деп Гүлекең ренжи сөйлей бастағанымен біздің сап-сау, бірақ жасқа толы көзімізді көргенде тоқтай қалды. Әңгіменің байыбына барғанда екеуі де көз жасына ерік берген еді.

Бір қызығы, Базекең қай отырыста болмасын көтеріңкі көңілде, ең бастысы сол ортада отырған барлық кісінің де ашық мінез танытып, кештің өте жақсы деңгейде өтуіне атсалысып отырғанын қалайтын. Жігіттерге, қыздарға ән айтқызып думандатып отырғанды ұнататын.

Әнді домбырасын бабына келтіріп алып Шайтұрсын бастайтын, одан сүйріктей болып орнынан Аманхан көтеріліп, Нүсіпжановша шырқап кеп жіберетін, оның әзілі қандай десеңші?! Содан қыздар Әлияны әнге шақыратын, ол ерекше бір жайдары күлімсіреп, көзін мен жаққа бір тастап қойып, Қыз Жібектің «Гәккуін» сызылта жөнелгенде амал жоқ, мен де Төлегеннің ариясына басатынмын. Содан соң Базекең өзінің «Даурия» әнімен жұртты мәз қылатын.

Қызығы бар, ұйықтап кеткенбіз, түнгі екі ме әлде үш пе, құлағыма ән естіліп, дәлізге шығып қарасам, қолында телефон «Қарағым-ай» әнін сызылтып тұр. Үйде сол күні қонақ бар болатын. Арысбай әкеміздің қарындасы Ұлбике апамыз қонып жатқан. Бір кезде балалар бөлмесінен сол кісінің шашы ұйпа-тұйпа, шығып келе жатқаны бар емес пе?

– Әй, мынау не масқара? Түн ортасы ауғанда? Ән айтуға басқа уақыт таппадыңдар ма? – деп бұрқылдап жүр. Әлия оған қарайтын емес, әнін шырқай түсті.

Сөйтсек Базекең бір отырыста отырып Кеңес Дүйсекеевтің «Қарағым-ай» әнін есіне түсіре алмай Әлияға хабарласқан ғой. Ән жаңа шығып тарай бастаған кезі еді. Базекең өтініш айтқасын Әлияның жаны қала ма? Түн ішінде телефонға әндетіп тұрғаны сол екен.

Бірде үйге Қалдыбек пен Алмагүл келген, Базекеңе хабарлассам жұмысында екен, сосын келемін деді. Сөйтіп отырғанда Оралхан (жазушы Оралхан Бөкей) телефон соғып:

– Ал мен келдім Қызылордаңа! – демесі бар ма?!

– Ой, қайдасың?

– Қызылордадамын...

– Оны түсіндім ғой, қазір қайдасың?

– Қызылордадамын...

Мен күліп жібердім. Қызылордамен мені әншейін ойнатып тұрғаны екен.

– Қазір жетем. Қай бөлмеде?

– Үш жүз үш.

Дереу Шайтұрсын мен Серік Пірмахановқа телефон соғып, Қалдыбек екеуміз қонақ үйге беттедік.

– Мына кездесулерден жалығып кеттім. Сендермен отырайыншы, – деп Оралхан құшағын аша берді. Ол әуелгі кезде онша танымайтын кісілерге тосырқай қарап, кеудесін кере, шалқалақтап отыратыны бар еді. Базекең:

– Оралхан, біз сені қазақтың ерекше дарынды жазушысы деп білеміз. Өзіңді көріп сүйсініп отырмын. Тіпті осы отырысың да өзіңе жарасып тұрғандай, кітаптарыңа ұқсайды екен. Хұсейіннің үйінде талай жазушымен кездесіп жүрміз. Сондай кездесуді айтып, медицина қызметкерлері ортасында мақтанатыным бар. Хұсейіннің досы екенсің, сені де інімдей көріп отырмын.

– Осы Хұсейін бар ғой, аға-ау, сізге жалобы жасайыншы, дос-дос дейді де, менің бірде-бір шығармамды әлі сахналаған жоқ қой.

– Жоспарда бар, Оралхан, – деді Шайтұрсын.

– Әні өзі бар, мына директоры бар, дап-дардай жазушыны осылай алдай салады бұлар...

Оралханның дап-дардайына күліп жатырмыз...

Базекең сөзін жалғастырып:

– Сенің «Қар қызыңды» мына Хұсейін айтқасын оқи бастағам, бірақ кей жеріне түсінбей қалам...

– Ой, Базарбай аға, сіз түгілі, сол «Қар қызыңызға» өзім де түсінбей дал болам кейде...

Енді бұған қалай күлмейсің?!

Содан күлкі басталып кетті. Оралханмен түннің ортасына дейін отырыппыз.

– Ағаң керемет кісі екен, Хұсейін, өзі медик болса да өнер жайлы, әдебиет жайлы шемішке шаққандай әңгімелеп отыр. Үйіңнің қасында екен. Бізге осындай сен үшін жанын беруге дайын адамдар керек қой, рухани сүйеніш қой олар, – деп Оралхан қатты риза болды. Базекең:

– Оралханың мықты екен. Ешкімге ұқсамайды, ә? Тәнті болдым. Әңгімені де майын тамызып әдемі айтады екен және өзіне-өзі күле қарайтыны бар екен. Өзіне-өзі күле қараған адам ерекше ақылды адам деген сөз ғой, ризамын, – деді.

Біздің ауыл қазіргі Сырдария ауданы, Асқар ауылы ғой, ол кезде XVIII партсъезд совхозы деп аталатын. Бір сенбіде Базекеңнің қолы босап, Қалдыбек бар, мен бар біздің ауылға бет алдық. Көкем де, апам да үйде екен. Екеуі кішігірім дастарханның басында, ортада дәу самаурын. Апамның қолында кесе, ал көкем Құран жөндеп отыр екен. Көкемнің молдашылығы бар, өте сауатты кісі болатын. Ескірген, тозған, беттері жырым-жырым болған Құрандарды жинап, өзі ұннан желім жасап, жыртылған жерлеріне ақ қағаз жапсырып, өшіп қалған сөздерін өз қолымен қайта жазып, сосын сыртын шүберекпен қаптап, оқуға ыңғайлы болсын деп отызға бөліп, әрқайсысын жекежеке кітапша қылып жасап отыратын. Ол кезде молдалар үш-төртеуі жиыла қалып, Құранды түгелдей басынан аяғына дейін оқып шығатын. Содан соң ғана қаза болған кісінің жаназасын шығаратын.

Қонақ күтіп отыратын әдеттері ғой, көкем қалбалақтап:

– Келіңдер, келіңдер, төрлетіңдер, әп бәрекелді, келгендерің қандай жақсы болды. Әй, кемпір, мына шайды жина, қазан көтер, самаурыныңды қайта қой. Иә, қалайсыңдар?

– Көке, апа, мына балаларыңыз – Базарбай деген азамат. Дәрігер. Облыстық аурухана басшысының орынбасары. Әкесінің аты – Асанбай. Көрші тұрамыз. Бұл кісілер екінші подъезде тұрады. Ал мына Қалдыбек келіп жүр ғой. Айдарлыдан. Әлияның ағасы деп таныстырдым ғой.

Енді ар жағын көкемнің өзі басқарып кететіні бар, Базекеңнен жұмысы жайлы, әулеті жайлы сұрай бастады. Жауабын кейде Базекең айтса, бірде Қалдыбек жалғастырып:

– Ағамыздың әулетінің ішіндегі атақтылары Торғай датқа деген атамыз болған және елге мәшһүр Мұстафа Шоқай деген ағамыз... – дей бергенде күндіке көзілдірігін ала қоймаған көкем көзінен оны жұлып алып, Базекеңе тесіле қарап қалды. Маған оның жүзі біртүрлі күреңіткендей болды ма, сосын орнынан көтеріліп, бөлмеден шығып кетті. Базекең маған қарады, мен не дерімді білмей тұрып қалдым. Сосын көкемнің соңынан шықтым, үлкен бөлмеге қарай кеткен екен, ақырын есігін ашсам жайнамазын жайып Құран оқып отыр екен.

Мүмкін бұл Мұстафаға арналған мінәжат шығар. Мен апама көмектесіп, қайта кірсем, көкем Базекеңдермен сөйлесіп отыр.

– Көке, денсаулығыңыз қалай?

– Құдайға шүкір, балам, жақсымын.

– Мен дәрігермін ғой, тамырыңызды ұстап көрсем қайтеді?

– Апырай, ә! Мен осы біздің дәрігерлерге тамыр ұстата алмай-ақ жүр едім. Иә, міне қолым.

Базекең сағатына қарап отырып көкемнің тамырын біршама ұстап отырды да:

– Жүрегіңіздеептеген кінәрат бар сияқты. Облыстық больница деген үлкен жер ғой. Шамалы жатып емделіп шықсаңыз қайтеді? Өзімнің палатама алып емдер едім, – деп еді, көкем:

– Әй балам-ай! Біздің науқасымыз сүйекке сіңген дерт қой, оны емдеп әуре болып қайтесің? Одан да... – деп әңгіменің барысын басқа жаққа бұрып әкетті.

Шайтұрсынның үйінде отырған бір отырыста Базекең:

– Мына Хұсейіндер бақытты ғой. Әкеміз өзгеше кісі екен. Ауылдық жерлерге барып жүрміз ғой. Бірақ анадай эрудициясы мықты кісіні көрмеппін. Ақылы өз алдына, тіпті қолтаңбасы қандай десеңші. Тасқа басқандай. Құранның сөздерін тура типографияның өзінен шыққандай етіп жазады ғой. Мені де біраз састырды. Саясатыңды бір ғалымдай біледі. Аттатпайды ғой. Ол кісімен сөйлесем деген біраз адам сүрінеді-ау...

– Ой, Базеке, сіз білмейсіз ғой, ауылға барарда біз жай бара салмаймыз, кәдімгідей экзам тапсыруға барамыз ғой! – деп Шайтұрсынның күлдірмесі бар ма?!

Бір демалыста Әлия ауылға барып қайтқан, көкем келесі демалыста достарыңды ертіп келіңдер, күтеміз депті. Не болып қалды екен деп Базекең мен Гүлекеңді, Қалдыбек пен Алмагүлді, Шайтұрсын мен Гүлшашты, Серік пен Жәмиланы ертіп ауылға беттедік. Үйге барсақ, бірнеше самаурын қайнап тұр, шошалада қазанда бүлкілдеп ет асылып жатыр, дастархан үлкен бөлмеге жайылыпты. Біршама туысқандарымыз да осында. Апама не болып жатыр десем:

– Қонақтарыңды жайғастыра бер, көкең айтады ғой не болғанын, – деп қысқа қайырды.

Амандасып болғасын көкем бізді отырғызып, ұзақ Құран оқып, батасын жасады да:

– Ал енді жайғасып, беймарал отыра беріңдер, еш қысылмаңдар балаларым, – деп өзі шығып кетті.

Ол кісі молда болғанмен, достарыммен келгенде ешуақытта ішімдікке тыйым салмайтын. Еркін отыра беретінбіз.

– Әкеміздің осы мінезі де маған қатты ұнайды. Кейде бір молдалар болмайды да болмайды деп қолыңнан рюмкіңді жұлып алатындай өзеурейтіні бар ғой.

– Сендерге ерік берсе айды аспанға бір-ақ шығарасыңдар ғой, – деп қалды Гүлекең. Гүлбаһрам Әбсұлтанқызы Базекеңді жанындай жақсы көретін. Үстінен шыбын ұшырмауға пейіл ғой. Бірақ жылдам, осындайда айтып қалатыны болатын. Зілі жоқ та.

– Гүлбаһрам сен, мына сусынды жақтырмай отырсың ба? Сен академик Адамянның бұл туралы айтқан уәждерін тыңдадың ба? Тыңдаған жоқсың. Егер сен сол лекциялардың бір кішкентай шет жағасын ғана тыңдасаң, сен бұл пәтшағарға салқын қабақ танытпаған болар едің... Бұның аса пайдалы жақтарын зерттей бастар едің...

– Базарбай! Тап осы молда әкеміздің үйі сенің мына лекцияңның орны ма? Айтшы өзің?

Базекең күліп жіберді, біз де қосыла күліп жатырмыз.

– Әй, жігіттер, байқадыңдар ма? Қанша дегенмен менің әйелім педагог қой. Кейде осылай тауып айтатыны бар, ә?!

Үлкен асты жеп бола берген кезде, көкем:

– Ау, балаларым, тамақ алыстарың нашар ғой, мынау бір адам жеп кететін ас емес пе? Шайтұрсын балам-ау, сенің асап-асап жейтінің бар еді...

– Бұл балаңыз қазір диетада, көке. Шайтұрсын директор ғана емес, артистігі де бар ғой. Мына режиссері тамақ жеуге тыйым салған. Үйінде Гүлшаш деген госконтролі тағы бар! – деп Серік бәрімізді күлдірді.

– Әй, тамаққа тыйым салуға бола ма екен? Ол ырзық-несібе ғой. Қой болмас, өз қолымнан асатайын сендерге! – деп көкем Базекеңнен бастап бәрімізге асата бастады. Қыздарға қолмен емес, кесеге салып беріп жатыр еді, Шайтұрсынның келіншегі Гүлшаш:

– Ата! Сіз ұлы жүз ошақтының қожасы екенсіз. Мен де ұлы жүздің қызы едім. Рұқсат етсеңіз өз қолыңыздан асайын, – деп еді, көкем:

– Ой, айналайын, өркенің өссін! – деп асата бергенде Серіктің келіншегі Жәмила да кезекке тұра қалды.

Табақта дәм қалмады.

– Тамаққа зәру болған кездеріміз болып еді, содан ба, алдымызға ас келсе, оны тауысып жегенді қалаймын да отырамын, – деді көкем қолын майлыққа сүртіп жатып.

Тұтқында жүргенде дәмнің тауқыметін талай тартқан ғой, шынында да көкем өзінің отырған жерінде қандай ортада болмасын астың рәсуа болуына жол бермейтін.

Тамақтан кейін шай да ішіліп болып, қайтуға жиналып жатқанда:

– Ал балам, Базарбай, – деді көкем, келін айналайын, мына менің ұлым жалғыз еді. Алдында ағасы, артында інісі жоқ. Сені аға тұтып жүр екен. Ендеше сен шын аға бол, менің балама. Бұл саған іні болсын. Ал маған, Базарбай айналайын, өкіл ұл боласың, мынау үстіңе кигізген киімім – костюм-шалбар, келінге камзол-орамал, еншіңе бір сиырымды атап отырмын. Менің осы пейілімді қабыл ал. Иә десең дәл қазір Хұсейін екеуің көз алдымда төс қағыстырып, құшақтасып, ағалы-інілі боламыз деп серт беріңдер! – деп еді, Базарбай аға көзі мөлт-мөлт етіп орнынан ұшып тұрды да, мені құшақтай алды. Гүлекең:

– Кел Әлияжан, екеуміз біріміз абысын, біріміз келін едік, атамыз одан сайын туыстырып жіберді ғой! – деп Әлияны құшағына алды.

– Бәрекелді көке, мынау бір тәлімді іс болды. Базарбайды бәріміз де туған ағамыздай көреміз. Кейінгі кезде Хұсейін екеуінің ағайынгершілігі күннен-күнге артқандай еді, соны цементтеп бердіңіз, ниетіңіз қабыл болсын, – деді Қалдыбек көкемді құшақтап. Одан қалыспай, Шайтұрсын мен Серік те көкемді құшақтады.

Мәре-сәре жағдай болды да қалды.

Апам мен Әлия келген жігіттер мен қыздарға да сыбаға үлестіріп жатыр. Осылайша көкем біздің туысқандығымызды бекітіп бергендей болып еді.

Өткен ғасырдың 90-жылдардың аяғында менің өмірімде күрт өзгерістер болды. Талдықорған облыстық театры шақырып, сонда ауысатын болдым. Базарбай ағам кететінімізді естігенде қатты қиналды. Бірақ амал жоқ, біздің өміріміз солай қалыптасқан еді. Алайда арамыз суыған жоқ, алыста тұрып жатсақ та, бір-бірімізге деген көңіліміз еселене түспесе, бір мысқал да кемімеді. Еңбек демалысында біз келеміз, бір демалыстарында Базарбай аға мен Қалдыбек келіп, Талдықорғанды бір шулатқанымыз бар.

Ең бастысы, Базарбай аға «Мұстафа Шоқай» қорын ашып, оның ел-жұртқа танылуына үлкен жұмыстар атқарды. Қайраткер жайлы келелі жиындар болып, оның аты ашық айтыла бастаған. Ал мен не істей алам? Бар ойым осы. Қалайда Мұстафа туралы спектакль қоюым керек. Жазушы Тынымбай Нұрмағанбетов пьеса жазған екен. Танымдық шығарма. Бұл деген 1998 жылдары өте қажетті туынды болатын. Қызылорда театрына келіп, қойып берейін деп келіссөз жүргізсем, маңайына жолатпайды. Облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Ермембетовке айтсам, бұл мәселені театр өзі шешеді, солармен сөйлесіңіз дейді. Амал жоқ, ешнәрсе бітірмей Талдықорғанымма қайттым.

2003 жылы Қызылорда облысы әкімшілігінің шақыруы бойынша Талдықорғаннан қайтып оралдық. Мақсат – аты ұмытыла бастаған Қызылорда театрының мәртебесін көтеру болды.

Алғашқы спектакліміз Махамбеттің 200 жылдығына арналған Орал қаласында өткен республикалық фестивальге қатысып, театр жүлделі екінші орынды иеленді. Келесі жылы Қостанайда өткен фестивальде тағы да екінші орын. Бірақ жеңімпаздардың бірі ретінде Татарстанның астанасы Қазан қаласының 1000 жылдығына арналған «Наурыз» фестиваліне жолдама алдық. 2005 жылы сол фестивальге қатысып, бас жүлденің бірін иелендік. Ал сол жылы, өзімізде өткен фестивальде бас жүлдеге қол жеткіздік. Театр әлемі Қызылорда театрына көңіл аудара бастады. Қызылорда театры әлем сахнасына алғашқы рет жол салды.

Дегенмен өзімнің негізгі ойымды ұмытпаған едім. Арасында жазушы-драматург Сұлтанәлі Балғабаевты әңгімеге тартып, Мұстафа Шоқайды сахнаға шығаруымыз керек, сен де ел көсемінің жерлесісің, пьеса жаз деп өтініш айтқам. Обалы не керек жазуына жазды-ау, бірақ ол туындысы ұжымға мүлде ұнамады. Ұжым Тынымбайдың да пьесасын ұната қойған жоқ. Мен енді Рахымжан Отарбаевқа өтініш айттым. Жазушы, драматург, Ұлттық кітапхананың басшысы, барлық материал қолында. Ол басында мен білмейді екем Мұстафаны деп қашқақтап еді, соңынан қалмадым. Тіпті екеуміз сөйлесуді қойдық. Дегенмен жарады, 2009 жылдың алғашқы күндерінде қолыма «Мұстафа Шоқай» пьесасын ұстатты. Оқып шықтым, Базарбай аға да оқыды, ұжымға оқыдық. Пікір екіұдай, бірі тәуір екен десе, әлі де жұмысы көп екен деп екіншілері шықты. Базекең де өз ойын білдіріп жеті бет қағаз әкеп тапсырды. Пьесаға тағы да отырайық, жөндейтін жерлері бар сияқты, бірге көрейік десем, Рахымжан «бір жазған дүниеме қайтып оралмайтын едім, аға, қалғанын өзіңізге тапсырдым» деп авторым жөндеуден бас тартты. Амал жоқ, өзім кірісуге тура келді. Өз айтарым бар, Базекеңнің жазбалары бар, ұжымның айтқан пікірлері бар, пьесаны бастан-аяқ қайта қарап шығуға тура келді. Базекеңмен жиі кездесіп, Мұстафаның өміріндегі жекелеген эпизодтары туралы сұрастырып, көңілге ұнағандарын сахнаға енгізіп, пьесаны толықтыра түстік.

Бұл кезде қор да қанатын кең жайып, көптеген игі істерді атқарып жатты. Базекеңдер республика, облыс басшыларының қолдауымен Парижге, Берлинге барып, Мұстафаның тұрған қаласында саясаткердің бюстін қойып, Мария Шоқай бейітін абаттандырып, Берлиндегі Мұстафа жатқан бейітке соғып, мінәжат етіп қайтты. Қайраткер туралы кітаптар, монографиялар шыға бастады. Маған әсіресе Көшім Есмағанбетовтің «Әлем таныған тұлға» деген кітабы қатты әсер етті. Тұлғаны жан-жақты тануға септігін тигізетін ерекше туынды. Ғылыми конференциялар Қызылордада, Астанада, Түркияда өтті. Міне осындай кезде спектакльдің қажеті одан сайын арта түсті. Күзге салым пьеса дайын болып, репетицияға кірісе бастадық-ау, әйтеуір.

Базекеңмен жиі кездесеміз, бірақ ол кісі ешнәрсе демейді, мен де үндемеймін, біздің спектакльді асыға күтіп жүргені анық. Арасында келіншектерімізді алып Айдарлыға, Қалдыбекке соғып, Алмагүлдің қою шайын ішіп қайтамыз, біздің үйде бас қосамыз, Базекеңдердің терезесінде жарық түрса түн ішінде сәлем беріп кететініміз бар, өмірдегі байланыс, қарым-қатынас жандана түсті.

Ал сахнадағы ісіміз қиындықпен жүріп жатты. Қалай шығарам, не болар екен деген сұрақ күні-түні мазалап, кейде түсімде де артистеріммен репетиция жасап жүрем. Артистерге әсіресе Мұстафаның саяси ойларын өзінікіндей етіп жеткізу қиынға соғып жүрді. Басты рольдегі Бақытбек Темірбеков осының алдында Қодарды, Махамбетті, Қалдан атты палуанды сахнаға шығарған талантты жас кейіпкерінің ойларына келгенде тосыла берді.

– Бақытбек, – деймін, – бұл ойлар, саяси болғанымен де ол Мұстафаның өмірі, дүниетанымы, рухани болмысы, саяси әңгіме ол үшін нан шайнағанмен бірдей, сондай сенімге жетсең ғана сен роліңді игере аласың.

– Қиын аға, өте қиын екен...

– Оңай ешнәрсе жоқ. Қиялыңды оят, өзіңді оның орнына қоя біл, Мұстафаша ойлан, Мұстафаша жүріп тұр, Мұстафаша тамақ іш, сен өзіңді қойып, «Мұстафа осы жағдайда не істер еді?» – деп сұрақ қой да, өмірінде де, сахнада да Мұстафа болуға тырыс.

Таланттың аты талант қой, Бақытбек Темірбеков кейіпкер бейнесіне жақындап келе жатты.

Премьераның алдында тұсаукесер өткізетініміз бар:

– Жалпы Шоқайдың өмір жолын түгел қамту қиын. Рахымжан Отарбаев жазыпты, одан кейін де кемшіліктері бар еді, Хұсейін аяқтапты. Балалық шағынан басталған, ондай оқиғалар Мұстафаның басынан өткен. Сахналарыңыз идеядан туып отыр. Қайраткердің жүріп өткен жолын аңғартатындай. Негізі ой жеткізілді. Ол нағыз саяси қайраткер ретінде тіріліп, ортамызға келді. Бұл – Мұстафа жайлы алғашқы қойылым. Жақсы келтірдіңдер, – деп Базарбай ағам ағынан жарылды.

Тағы да шыңдай түсіп, ақпан айының 11-і ме екен, 12-сі ме екен спектакльдің премьерасын халыққа ұсындық. Көрермен залына көз тастасам, бәрінің көзі сахнада, соншама жиылған адам Бақытбекпен бірге қиналып, бір кісідей шошынып, бір кісідей көз жасына ерік беріп, бар ниетықыластарымен көз алмай қарап отыр. Еріксіз жанарыма жас келді. Қанша күттім мен осы сәтті?! Базарбай аға да қанша күтті осы бір оқиғаны?! Шоқайдың шет елге асып кеткені өткен ғасырдың 20-жылдары десек, міне тоқсан жылдан кейін саясаткер ағамыз халқымен спектакль арқылы қайта табысып отыр.

Шымылдық. Овация. Көрермен залы дүр көтеріліп, қол ұрып жатыр. Көздерінде жас. Сосын күтпеген жағдай, бүкіл зал сахнаға лап қойды. Базарбай ағаның өзі келе артистерді құшақтап жылап жатыр. Мұстафа Шоқаймен қайта қауышып, көрісіп жатқандай.

Рахымжан 17 ақпан күні үшінші премьераға келді. Тағы да аншлаг. Овация. Мен ілгері шығып:

– Құрметті көрермен! Мұстафа Шоқай әкеміздің екінші отаны Францияның астанасы Париж қаласында тұратын біздің қандастарымыз Мұстафа Шоқай атындағы қазақ-француз достығының ассоциациясын құрған екен. Міне, соның төрағасы Яшар Дініш мырза ортамызда отыр. Дініш мырзаны құрметпен сахнаға шақырайық! – деп едім көрермен дуылдата қол соқты.

– Бауырларым! Мұстафа Шоқайдың туысқандары. Қызылорда топырағына аяғымыз тигелі бері біз Шоқайды қайта танып жатырмыз. Ол туған жер, қазақтың ең киелі жері екенін біліп жатырмыз. Ал бүгінгі қойылым арқылы мен Мұстафаны шын таныдым. Театрға рахмет! Шоқайды халқымен қайта табыстырған.

Дініштің көмекшісі кеудесінде қайраткердің суреті бар жейдені артистерге таратып, сахна дереу Мұстафа Шоқайдың туына айналып кетті.

Пьесаның авторы, жазушы, драматург Рахымжан Отарбаев:

– Осының алдында Нартай театры менің «Нашақорымды» қойған еді. Міне, енді екінші дүниемнің премьерасына келіп тұрмын. Қалай болар екен, алғашқы мен жазған нұсқасы түсініксіздеу болып қала ма деп екіойлы болып келіп ем. Хұсейін аға, сіз көп жерін өзгертіпсіз, рахмет сізге. Базарбай аға да біраз ойларды жазған екен, оқыдым. Хұсейін аға сіздің ойларыңызды да іске асырыпты. Театрға, режиссерге, артистерге, Базарбай ағам сияқты рухани демеушілерге басымды иіп рахмет айтам. Қымбатты көрермен, сіздерге де үлкен рахмет.

Базарбай ағаны айтып үлгермей-ақ ол кісі микрафонға жақындап сөйлей бастады:

– Рахымжан айналайын, шынымды айтсам артистермен бірге мен де қиналдым. Премьера өткен сайын қуанышқа бөленіп жүрмін. Мына Хұсейіннің әкесі пленге түсіп, тұтқындармен бірге Мұстафа ағамыз ол кісіні қапастан құтқарып қалған екен. Жүсіп әкеміз мына дүниені көрсе қандай қуанар еді. Өзі кеткенмен Хұсейін екеумізді туыстырып кетті. Мен осы дүниенің шығуына себеп болған Жүсіп әкеме басымды иіп рахмет айтам! – деп қасында тұрған мені құшақтай алды.

Осылайша Базарбай ағаның көзі жұмылғанынша құшағымыз ажырамай кетіп еді.

Қаншама сәттерді еске түсіріп, бүгін де көз жасыма ерік беріп отырмын. Бәрі есімде. Аяулы ағатайымнан көз жазып қалғаныма бір жыл болыпты. Осыдан көп жыл бұрын Гүлекең де Базарбай ағаны жалғыз қалдырған еді. Енді Қалдыбек екеумізді шақырып алатын ешкім жоқ. Өзіміздің де басымыз қосыла бермейді. Мен Әлиядан, Қалдыбек Алмагүлден айрылып қалдық.

Біздің басымызды қосатын Базарбай аға екен ғой.

Біз сізді ұмытпаймыз ғой, ұмытпаймыз... Бірақ... Бірақ...

Жүре тұрсаңыз болмады ма?

Хұсейін ӘМІР-ТЕМІР,
«Құрмет» орденінің иегері
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері. Қызылорда
облысының құрметті азаматы

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

«Даму» ДЕМЕГЕН ЖОБАЛАР

Бизнеске мемлекет тарапынан қолдау көрсету өңірдің ғана емес, тұтас елдің кәсіпкерлік секторын дамытуда маңызды рөл атқарады. Бүгінде өңір кәсіпкерлері «Даму» қоры арқылы 34 млрд теңге көлемінде несие рәсімдеген. Бұл шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға зор септігін тигізбек.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен баспасөз турында «Даму» қоры арқылы мемлекеттен қолдау алған кәсіпорындар жұмысымен танысып қайттық.

БАҚ өкілдері алдымен «Абай Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде болып, цех жұмысымен танысты. Кәсіпкер инвестициялық мақсаттарға, картопты қайта өңдеу бойынша жабдықтар сатып алуға несие рәсімдеп, «Kaz Fries» мұздатылған картоп өндіру зауытын іске қосты.

Алдымен картоп сорттары бөлініп, арнайы техника көмегімен туралып, қаптамаға салынады. Содан соң сауда орындарына сатылымға шығарылады. Кәсіпорын ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық түрін өндіреді. Сонымен қатар мал шаруашылығы және құрылыс материалдарын өндірумен де айналысады.

– Биыл «Абай Дәулет» компаниясы 600 млн теңгеге фри зауытын ашты. Компания «Даму» қорынан қолдау көріп отыр. Шығарылған өнімдер қаланың кез келген сауда орнына уақытылы жеткізіледі, – дейді кәсіпорын директоры Мұрат Сәрсенбаев.

Халық денсаулығы күн тәртібіндегі түйткілді мәселеге айналғалы қашан. Қала орталығында бой көтерген «Сана-Сезім» ЖШС медициналық қызмет көрсетумен айналысады.

Кәсіпкер 2016 жылдан бері медицина саласында жүйелі жұмыс жасап келеді. Мұнда ересектер мен балаларға арналған бірегей емдеу-сауықтыру бағдарламалары қолданылады. Бұл науқастардың иммунитетін табиғи түрде қалпына келтіруге негізделген жалғыз клиника саналады. Өткен жылы «First Heartland Jusan Bank» АҚ арқылы 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде медициналық жабдықтар сатып алынды.

Клиника құрылтайшысы Раушан Базарбайдың айтуынша, бүгінде тіркеліп қаралушылар саны бес мың адамға жуықтаған. Медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мемлекет қолдауы нәтижесінде халыққа қажетті қызмет сапасы артып келеді.

Құрылыс және бизнес колледжі «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» аясында қосымша құрылыс салуға бағытталған қаржыландыруға ие болды. Нәтижесінде ғимарат 1600 шаршы метрден 2500-ге дейін ұлғайтылды. Жаңа кабинеттер саны артып, қажетті құралдармен қамтылды. Заманауи кітапхана пайдалануға берілді.

– Мұнда бүгінде 100-ге жуық ұстаз еңбек етеді, 500-ге жуық студент түрлі мамандық бойынша білім алуда. «Даму» қоры арқылы жеңілдетілген несиеге қол жеткіздік. Жаңа нысанда жастардың алаңсыз білім алуына қолайлы жағдай жасалып отыр. Мемлекеттен 19 пайыз көлемінде несие рәсімдеп, соның 13 пайызын «Даму» қоры төлейді, қалған 6 пайыз қаражатты өз есебімізден төлеп келеміз. Бұл жаңадан кәсіп бастағандарға қажет қолдау, – дейді колледж директорының орынбасары Естөре Құлтаев.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры – «Бәйтерек» Ұлттық холдингінің мемлекеттік даму институты. Қордың мақсаты – Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамыту. Өңірлік филиал директоры Айдос Жылқайдаров атқарылған жұмыс барысын атап өтіп, алдағы жобаларға тоқталды.

– Қазір облыста кәсіпкерлер саны артып келеді. Бизнесті қолдау және дамыту бағдарламаларын жүзеге асырып бастағаннан бері облыс бойынша 6 мыңдай жобаға «Даму» қоры тарапынан қолдау көрсетілді. Биылдың өзінде 700-дей жоба қордан қолдау тапқан, – деді «Даму» қоры аймақтық филиалының директоры.

Қажет етіледі:

Лауазымы: Электр жабдықтарын жөндеу және оларға қызмет көрсету жөніндегі 5-разрядты электр монтеры.

Біліктілік талаптары: кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, жұмыс стажына талап қойылмайды немесе орта техникалық білім және мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі кемінде 2 жыл немесе орта білім, тиісті техникалық даярлықтан немесе алдын ала оқудан өткен, жұмыс орнында стажерлықтан өткеннен кейін өз бетінше жұмыс істеуге рұқсат берілген болу керек, жұмыс тәжірибесі кемінде 3 жыл.

Жұмыс кестесі: вахталық 14/14

Жалақысы: салықтар шегерілгенге дейін 195 000 теңге

Негізгі талаптары: жұмыскерді жалдауға шарт жасасу үшін ЖК куәлігі болу керек.

Электронды пошта: Өзіңіз үміткер болып отырған лауазым көрсетілген түйіндемеңізді мына адреске жіберуді сұраймыз: kyzcandidates@gmail.com

МЕРЕЙ

ТЕҢІЗДЕН ДАРЫҒАН ТЕКТІЛІК

Қалалық мәдениет және спорт бөлімі, №1 қалалық кітапхананың ұйымдастыруымен ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан театр қайраткерлері одағының мүшесі, ақын, режиссер-сценарист Оңталап Нұрмахановтың 65 жасқа толу мерейтойына орай Жастар орталығында «Теңіздің толқын ұлы» атты оқырмандармен кездесу кеші өтті.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Жиынның ашылуында «Жастар театры» өнерпаздары сомдаған автордың «Көрұғлы» қойылымынан үзінді көрерменнің ерекше қошеметіне бөленді. Кеш иесімен сыр-сұхбат тізгінін ұстаған Ақжол Түменбай О.Нұрмахановтың балалық шақтағы риясыз естеліктерінен бастап, бүгінгі ағалық асуында алған белестері жайлы сыр тарқатты. Әсіресе, ақынның өз шығармашылығынан оқыған жалынды жырлары көптің көңілін тебірентті. Өйткені онда тартылған теңіздің, қаңсыған қайықтың, яғни, түр-сипаты өзгеріп кеткен тіршіліктің мұңы шертілген.

Кеште студент жастар ақын өлеңдерін жатқа оқыса, жас әншілер автордың сөзіне жазылған әндерді орындады. Айта кетейік, ақын О.Нұрмахановтың сөзіне жазылған композитор Р.Таймановтың «Қорқыт-қобыз» әні алғаш рет «Азия дауысы» фестивалінде әнші Г.Оразымбетованың орындауында, ал өткен жылы «Қазақстан» ұлттық арнасы ұйымдастырған «Қазақстан дауысы» ұлттық жобасында Қ.Мейрамбек есімді талантты әншінің орындауында бас жүлдені жеңіп алды. Ақын сөзіне жазылған бұдан өзге де әндер Сыр сахнасынан бастау алып, ел ішіне кең таралған. Айталық, белгілі сазгер А.Бекеновамен бірге жазған – «Біз Қызылорда қаласынанбыз» әнін осы кеште «Тұран» триосы орындады.

Ақын шығармашылығына арналған кеште қоғам қайраткері, Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қор төрағасы С.Аңсатов, айтыскер ақын, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері М.Ниязов, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Е.Әуезов, үзеңгілес досы М.Шегентаев тілек айтып, ақынның адами болмысын, айқын талантын бағалап, жылы лебіздерін арнады.

Жиынды қорытындылаған қалалық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Ж.Тәжмаханов ақын мерейтойына арналған шығармашылық кеш алдағы уақытта кең ауқымда аталып өтетінін айта келіп, осынау оқырманмен жүздесуге арналған іс-шараның да көптің көңіліне жылы әсер қалдырғанын атап өтті. Ал қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысы Г.Рахметова ұйымдастырушылар атынан естелік сыйлық табыс етіп, гүл шоғын ұсынды.

Өнер әлемінде өзіндік зор қолтаңбасы бар О.Нұрмаханов поэзия мен режиссураны қатар ұстап, «Ғасырлар үні» жыршы-жыраулар конкурсы, халықаралық «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты фольклорлық өнер фестивалі, т.б. жоғары деңгейдегі жобаларды сәтті сахналап келеді. Бұдан бөлек, Сыр сахнасынан көрерменге жол тартқан «Көрұғлы» драмалық қойылымы да көптің ықыласына кенелді. Тұла бойында теңізден дарыған тектілік бар азаматтың ұлттық руханиятты жаңғыртып, қазақ мәдениетінің келбетін қалыптастырудағы еңбегі ерекше құрметке лайық. Кешке қатысқан оқырмандардың пікірі осындай.

Өмірден өтіп кеткен ақын туралы сөз қозғасақ, абыз Абайдың мына бір жарқын жолдары еске түседі:

– Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.

Соңғы демі үзілгенше туған елін, өскен жерін – Шиелісін жырлаған Дәулетбек Байдрахманұлы да сондай өлмес, жасай беретін ақындар санатынан. Ал оны осындай өмір өріне, өлең төріне самғатқан себеп-қуаттың бірі туабітті талантына қоса, кіші Отан отбасы, жан жары Бөкен (Бахуайда) Әбуқызы екені ешқандай дәлел тілемесе керек.

Міне, сол асыл жар Ақ Бөкен де жақында өмірден өтті. Басы – бал, гүл, сайран, ортасы – азаматтық өмірдегі өз орнынды тауып, іргесін қалап, асқар тауға айналдыру үшін тынымсыз майдан, аяғы жарық дүниемен қоштастырар ойран тағдыр дегенің осы.

Біздер 1960-жылдардың басынан бері, қанаттас бірге ғұмыр кешкен жас ақын-сері Дәулетбек пен сұлу Бөкен бақытты ғұмыр кешті. Дәулетбек Қызылорданың мемлекеттік пединститутының филология факультетін, Бөкен М.Мәметова атындағы педучилищесін бітірген. Екеуінің де студент кезінде дүниеге келген Дананы Дәукеңнің: «Анджела Дэвис!» деп төбесіне көтеретінін қалай ұмытармыз. Туған жерге оралып, екеуі де Шиелі ауданының озық, ұлағатты ұстазы болды. Жараспаса, бір-біріне жарық қоспаса, Ана гүл ашар ма, жүрек нұр шашар ма?! Алмалы ауылындағы мектеп үздік білім ордасына айналып қана қоймай, өмірге Сүлеймен, Шынар, Сұлушаш, Сәулет, Сая сияқты ұл-қыздар қадам басты, жұлдыздар жарқырап жанды. Бұл жұлдыздар бүгін де жанып тұр.

Біздің халқымыздың бір қанатты нақылы: «Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол» демей ме?! Дәулет-Бөкен отбасы осы екі бақ та қатар қонған шаңырақ болды. Алматыдан ауданға келген Алаштың ақиықтары Әбділда Тәжібаев, Мұхаметжан Қаратаев, Тұманбай Молдағалиев, Сағи Жиенбаев, тағы басқаларды айтпағанда, ел хакімі, облыс әкімдері де шай ішетін құтты қонысқа айналды. Мұндай мысалдардың бәрін айтсақ бір мақалаға сыймайтыны анық, тек бір-ақ мысалды алға тартайын. Ол кезде қазіргі ұялы телефон жоқ, елде мұғалімдік атқарып жүрген кезім, екі-үш кластас досымды ертіп Алмалыға ат басын тіремейміз бе? Дәукең жоқ, облыс орталығына кетіпті. Бірақ жатырқайтын Бөкен бе, жаны қалмай қарсы алды. Қойдың басын жемесек те, жамбасы мен тоқпан жілігін мүжіп, разы болып қайттық. Жаңақорғанға қайтар жолға түскен соң Бердібек досым айтады:

– Мына, Бөкендерің ғажап әйел ғой. Дәулетбекті жоқтатқан жоқ. Жолдан жаңылмады. Бұрыннан дос сен түгілі мына бізді де баурап алды. Ал біздің әйелдеріміз өзіміз жоқ болсақ, үйге кіргізбейді ғой, – деді.

Мен Бердібектің әйелін де жақсы білемін. Жаман жар емес. Алайда үлкен орта көргендік, жоғары білім алғандық әсері тағы бар. Мұның үстіне ол – нағыз қазақ әйелі Бөкен ғой. Алайда...

Жары Дәулетбектің өмірден ертерек өтуі оған қатты тиді. «Ешкімге керек емес мына бір алқаштар әлі жер басып жүр. Бізге ғана керек емес, еліне де керек Дәулетті алып кету Құдайдың әділдігіне жата ма?» дегені де бар.

Біздіңше, бұл – асылық сөз емес. Күйінгеннен шындығын айтқаны екені өз алдына, біз пенделер жаратушы Алла тағаладан әділдік күтсек күнә емес шығар.

Бақұл бол, Бөкен! Біз қиналғанмен, Жаратушының шешіміне көнгеннен өзге шара жоқ. Өзі де ұзақ ауырып, балаларын қинай бермейін деп тілеген секілді. Перзенттерің, жапырақтарың – немерелерің Дәулет екеуіннің жолдарыңды жалғап, өшпес арман-тілектеріңді жүзеге асыра берсін! Өзіннің алдың пейіш, артың кеніш болғай!

Бақыт САРБАЛАҰЛЫ

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығына байқау жариялайды

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы – ғылым, шығармашылық, қоғамдық қызмет салаларында жемісті еңбегімен көзге түскен, сондай-ақ жоғары спорттық жетістіктері үшін дарынды жастарды мемлекет тарапынан қолдау мақсатында ұсынылады.

Байқау «Әдебиет», «Ғылым», «Дизайн және бейнелеу өнері», «Журналистика», «Классикалық музыка», «Креативті бастамалар», «Спорт», «Театр және кино», «Эстрада», «Халық шығармашылығы» атты 10 номинация бойынша өтеді.

Сыйлық алуға халықаралық және республикалық конкурстардың, фестивальдар мен түрлі шаралардың лауреаттары, республикалық және халықаралық деңгейлердегі спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары, сондай-ақ қызметі инновациялық болып табылатын және тиісті сала мен тұтастай қоғамды дамытуға ықпал еткен Қазақстан Республикасының 35 жасқа дейінгі азаматтары үміткер бола алады.

«Дарын» жастар сыйлығын алуға кандидатураларды ұсынуды мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері жүргізеді.

Жеңімпаздарға «Дарын мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі және олар дипломмен, төсбелгілермен сондай-ақ қаржылай сыйлықпен марапатталады.

Жыл сайын сыйлықты ұсыну Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеу аясында өткізіледі.

«Дарын» жастар сыйлығы 1992 жылы тағайындалған. Әр жылдары аталған сыйлықты түрлі саладағы 320-дан астам азамат иеленген болатын.

Конкурсқа қатысуға құжаттар 2023 жылғы 20 қарашаға дейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті (қағаз нұсқада) мына мекен-жай бойынша: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 10, «Министрліктер үйі» ғимаратында (14-кіреберіс) қабылданады. Ал электрондық нұсқаны premiya.daryn@gmail.com поштасына жолдауға болады.

Байланыс номерлері: 8(7172) 74-05-25, 8(7172) 74-18-43, 8 701 170 46 54. Толығырақ: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033016

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 22671 Тапсырыс №1745 Кезекші редактор **Ержан ҚОЖАС**